Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана
2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

Пікір жазғандар:

А.Салиева, п.ғ.к.
А.Кенесова, меңгеруші
Г. Біртаева, әдіскер

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар. - Астана, 2016. - 70 бет.

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасының әдістемелік ұсынымдарында мектепалды даярлық сыныптарында балалардың біліктерін, дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту үдерісін қамтамасыз ету қарастырылған.

Бұл әдістемелік ұсынымдар білім беру салаларын кіріктіруді ескере отырып, нормативтік талаптар негізінде әзірленді, сондай-ақ мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердегі мектепалды даярлық сыныптарының педагогтары мен жалпы ана-аналар қауымына арналған.

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының (№2 хаттама 2016 жыл 8 ақпан) Ғылыми –әдістемелік кеңесінде қаралды және ұсынылды.

© «Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2016

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар республикадағы 30 пилоттық мектеп аясында саралаудан өткізілуші Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасының (бұдан әрі- Бағдарлама) негізгі бөлігі болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдар тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуді және балаларды мектепте оқытуға дайындауды қарастырады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – жаңартылған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес Бағдарлама мазмұнын іске асыру бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін кеңістіктік-заттық дамытушы ортаны құруға мүмкіндік беру;
- педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға көмектесу;
- білім беру салаларын кіріктіру негізінде балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мен дамыту үшін жағдайлар жасау;
- балалардың мектепте оқуға қажетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде педагогтар мен ата-аналардың өзара байланысын қамтамасыз ету.

Әдістемелік ұсынымдарда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салаларын кіріктіру арқылы сабақтарда, өз бетінше әрекетте, режимдік сәттерде, ата-аналармен жұмыс істеуде білім беру үдерісінің негізгі бағыттары бойынша бағдарлама мазмұнын іске асырудың түрлері мен әдістері ашылған.

«Денсаулық» білім беру саласында «Денсаулық және дене бітімі», «Қозғала білу және сенімділік», «Ынтымақтастық және басқару», «Шығармашылық қабілеттер» бөлімдерінде балалардың денсаулығын нығайту бойынша қимыл белсенділігінің түрлері мен әдістері берілген.

«Қатынас» білім беру саласында «Тыңдалым және айтылым», «Оқылым» және «Жазылым» бөлімдері арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту, белсенді сөздік қорды байыту және тілдің дыбыстық мәдениетін қалыптастырудың жолдары мен құралдары қарастырылған.

«Таным» білім беру саласы танымдық-зерттеу әрекетін қалыптастырады, құрастыру, шығармашылық қиялдау мен логикалық ойлау дағдыларын дамытады, заттар мен құбылыстар туралы табиғатты тануға деген алғашқы түсініктерді орнықтырады, өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде тани отырып, қоршаған әлемге деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін ашып көрсетеді.

«Шығармашылық» білім беру саласында баланың бойында эмоциялық-сезімдік саланы дамыту үшін, шығармашылық қабілет, ойлау мен қиялдауды қалыптастыру, өзінің ішкі әлемін көркем түрде беруге талпынысы, көркем-

музыкалық әрекет арқылы өнер әлеміне баулу және балалардың көркем әрекетінің алуан түрлерін өзара кіріктіру жөнінде әдістемелік ұсынымдар берілген.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласында әлеуметтік ортада бейімделе білуге, өз халқына, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін, төзімділікті қалыптастыруға, рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту жөніндегі ұсынымдар қарастырылған.

Әрбір білім беру саласындағы күтілетін нәтижелер Бағдарламаның оқу мақсаттарының жүйесі арқылы берілген.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепалды даярлық сыныбында педагогтың қалауымен ауыстыруға болатын сабақтарды бөлу үлгісі анықталған.

Барлық іс-шаралар мен сабақтар болашақ бірінші сынып оқушысын оқытуды ғана қарастырып қоймайды, сондай-ақ олардың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын, құрбы-құрдастары және ересек балалармен қарым қатынас жасау біліктерін дамытумен ерекшеленеді.

КЕҢІСТІКТІК-ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҚҰРУ

Мектепалды даярлық бағдарламасын жүзеге асыру үшін, дамытушы білім беру орта келесі ұстанымдарды ескере отырып құрылады:

- түрлі тақырыптық материалдар мен құралдарды және тәрбиеленушілердің заттық ортамен өзара әрекеттесуіндегі белсенділігін қарастыратын ақпараттылығы;
- білім беру ұйымының түрімен, тәрбиелеу мазмұнымен, мәдени және көркем дәстүрлерімен, климаттық-географиялық ерекшеліктерімен анықталатын вариативтілігі;
- барлық тәрбиелеу-оқыту үдерісінңғ құрамдас бөлімдерін және түрлі кеңістіктік-заттық дамытушы ортаның құрамдас бөлімдерін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуді қарастыратын көпфункционалдылығы;
- кеңістіктік-заттық дамытушы ортаны толықтырудың қажеттілігі мен жеткіліктілігін, сондай-ақ тәрбиеленушілердің өз ойларын білдіру мүмкіндігін, әрбір баланың жақсы көңіл-күйі мен жеке қолайлылығын қарастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық мақсатқа сәйкестігі;
- кеңістіктік-заттық дамытушы ортаның өзгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, жағдайға байланысты кеңістіктің сол немесе әлдебір басқа функциясын алдыңғы жоспарға қоюға мүмкіндік беретін түрленушілігі.

Дамытушы ортаны құруда кеңістіктік-заттық дамытушы ортаны қыздар мен ұлдарға арналған ерекше материалдармен қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріледі. Кеңістіктік-заттық дамытушы ортаны құруда білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріледі. Білім берудің бір саласына арналған материалдар мен құралдарды басқа білім беру салаларын іске асыруда қолдануға болады.

Мектепке дейінгі білім беру деңгейінде баланың қимыл белсенділігін белсендіру мақсатында, құралдарды таңдау дамытушы тапсырмаларды көбірек шешуге мүмкіндік беретін баланың әрекеттері түрлерінде (ойын, өнімдік, танымдық-зерттеу, коммуникативтік, еңбек, көркем-музыкалық әрекет, көркем әдебиетті қабылдау) іске асырылады.

Құралдарды таңдау негізгі білім беру бағдарламасын іске асыруда, балалармен жұмыс істеудің негізгі және жетекші әрекет түрі ретінде ойын арқылы жүзеге асырылады.

Өнімді әрекетке арналған құралдар:

- бейнелеу әрекетіне арналған құралдар жиынтығына сурет салу, мүсіндеу және жапсыруға арналған материалдар жатады;
- құрастыруға арналған құралдарға құрылыс материалдары, әртүрлі құрастыру бөлшектері, түрлі-түсті және түрлі фактурадағы қағаздар, сондай-ақ табиғи және қалдық материалдар жатады.

Танымдық-зерттеу әрекетіне арналған құралдарға шынайы әрекетте зерттеуге арналған нысандар мен бейнелі символикалық материалдар, шынайы уақытта зерттеу үшін нысандарға қатысты сенсорлық дамытуға арналған түрлі

материалдар жатады. Материалдардың осы топтарына іс-әрекет барысында балалардың осы материалдардың алуан түрлі қасиеттерімен танысуға және оларды ретке келтірудің түрлі тәсілдерін үйренуге мүмкіндік беретін табиғи нысандар кіреді.

Қимыл белсенділігіне арналған материалдар мен құралдарға жүру, жүгіру мен тепе-теңдікті сақтауға, секіру, лақтыру мен қағып алуға, еңбектеу мен өрмелеуге, жалпы дамытушы жаттығуларға арналған құралдар жатады.

Ойын әрекетіне арналған құралдарға мыналар жатады: ойыншықтар, түрлі ойындық атрибуттар мен ойын материалдары. Барлық ойын құралдары ойын бөлмесінде, спорт залында және алаңда орналасады. Ойынды өткізу үшін ойын жәшіктері жасалады: жалпы (әртүрлі ойыншық жиынтықтары), драмалық (драмалық ойындар мен қойылымдарға арналған киімдер мен костюмдердің, күрделі емес декорациялардың элементтері, құрал кешендері), үстел үсті және құрылыс ойындарына арналған (ағаш, пластмасса, металл конструкторлар және басқалар). Барлық құралдар қолайлы және оңай түрленуі қажет. Балалар ойынды өз бетінше таңдай алатындай, бір ойыннан екінші ойынға ауыса алатындай болғаны жөн. Ойыншықтар қауіпсіз, қызық, тартымды және ашық, бірақ қарапайым болуы керек. Ойыншықтар баланың зейінін өзіне аудармай, олардың ойларын белсендіруге ықпал етуге тиіс.

БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Педагог күнделікті өз іс-әрекетінде баланың жеке тәжірибесін жинақтауға, тереңдетуге, жүйелеуге мүмкіндік беретін, іс-қимылдардың жаңа тәсілдерін меңгертетін, байланыс пен тәуелділіктің арақатынасын сезінетін сабақтарды ұйымдастыру тәсілін өзі анықтайды.

Балаларды оқыту қызықты, проблемалық-ойын болуы тиіс, бала субъективті тұрғыдан өзінің дербестігі мен шығармашылығының үнемі өсуін қамтамасыз етуі қажет.

Педагогикалық үдерісті құруда көрнекі-тәжірибелік әдістерге жеткілікті мән берілуі тиіс, сондай-ақ бақылау, экскурсия, қарапайым тәжірибелер, өзекті-жағдайлық ойындар мен басқа да әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдерін қолдануға басымдық танытылуы қажет.

Білім беру үдерісі балалардың еркін әрекеттері ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекеттерінің тең арақатынасы негізінде құрылады.

Ересектер серіктес-қатысушы ретінде, балалардың іс-әрекет мазмұнына және түр-түсіне деген қызығушылығына сүйене отырып, психологиялық тұрғыдан мәжбүрлеусіз оқуға тартылады.

Білім беру үдерісінің негізін қалайтын тәсілдерге келесілер жатады:

-тұлғалық мәні бар іс-әрекеттерді ұйымдастыру;

-материалды берудің тұтастығы (блоктап оқыту);

-білім беру үдерісін ұйымдастырудың жүйелілігі;

-кіріктіру негізінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;

- нақты бейнелер, тәжірибелік мысалдар (интерактивті жабдықтарды қолдану) арқылы материалдарды зерделеу.

Жұмбақ, ребус, кроссворд шешу, шығармашылықпен және еркін сурет салу, қарапайым есептер құрастыру сияқты тәсілдерді қолдану оқытуды қолжетімді әрі сапалы етеді, оны танымдық және қызықты сабаққа айналдырады. Сабақтағы ахуалды қуанышпен, жылы шыраймен, ыстық ықыласпен толықтыру, баланың жетістіктерімен және сәтсіздіктерімен бөлісу, баланы әрқашан атымен атау, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін сезіну, әрекеттерін бағыттап отыру, бастамалары мен шығармашылығын ынталандырып отыру ерекше маңызға ие.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту мазмұны

Бұл жастағы балалар болашақта мектепте оқуға деген қызығушылықтарын таныта бастайды. Болашақта мектепте оқу мектепалды даярлық сыныптарында ерекше бейімділікті қажет етеді. Мектепке деген қызығушылық ересектермен қарым-қатынас жасау, мұғаліммен жүздесу, оқушылармен бірге жұмыс істеу, мектепке бару, мектеп тақырыбында мазмұнды-рөлдік ойындар ойнау және табиғи жолдар арқылы дамиды. Ең бастысы – балалардың дамып келе жаткан қызығушылықтарын өз жетістіктерінің ұлғая түсуін сезінумен, жаңалықты меңгеруімен және танымдық қажеттілікпен байланыстыра отырып, жаңа әлеуметтік ұстанымға («Оқушы болғым келеді») ұштастыру керек. Педагог

балалардың зейіні мен есте сақтауын дамытуға талпынады, қарапайым өзін-өзі бақылау, өз әрекетін өз бетінше реттеу қабілеттерін қалыптастырады. Аталған қабілеттердің қалыптасуына балалардан нысандарды бірнеше белгілері бойынша салыстыру, қателерді іздеу, есте сақтау, жалпы ережені қолдану, әрекеттерді шарттарға сәйкес орындау талап ететін алуан түрлі ойындар көмектеседі. Мұндай ойындар баламен немесе мектеп жасына дейінгі ересек балалармен күнделікті өткізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды жағдайда дамыту үшін, оның өз құрбы-құрдастарымен және ересектермен мазмұнды қарым-қатынас жасауы тиіс. Педагог әр баламен қарым-қатынас жасау практикасын түрлендіруге тырысады. Қарым-қатынас пен ынтымақтастық жағдайын қалыптастыра отырып, ол балаға сенімділік, мейірімділік пен сыйластық танытады. Сонымен қатар педагог баланы жаңа білікке, әрекет тәсіліне үйрету кезінде тәжірибені тікелей бере алады; тәрбиеші балалардың әрекетіне тең құқылы қатысушы болған жағдайда, тең серіктес атанады; педагог балаларға мәселені шешу үшін арнайы көмек сұрап жүгінгенде, балалар ересектердің «жіберген» қателерін жөндегенде, кеңес бергенде, «ересек қамқоршы» ретінде көрінеді.

6 жастағы балалардың өзіндік сана-сезімінің маңызды көрсеткіші – бұл өзіне және басқаларға құнды қарым-қатынасы. Өзінің болашақ ықтимал бейнесі туралы оң түсінігі алғаш рет оның кейбір өз кемшіліктеріне сын тұрғысынан қарағанда, ересектердің көмегімен оларды түзетуге талпыныс жасағанда қалыптаса бастайды. Дегенмен, мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы оның өзі туралы ойымен, өзінің қандай болу керектігі туралы түсініктерімен өзара қатынаста болады. Баланың айналадағы әрекеттерді оң сипатта қабылдауы өзінің тікелей «Меніне», іс-әрекеттер жетістігіне, достаса білу қабілетіне, өзара әрекеттесу барысында олардың жағымды тани білуіне байланысты. Мектеп жасына дейінгі бала өзара әрекеттесу барысында сыртқы дүниемен және адаммен белсенді әрекетке түседі, оны таниды, сондай-ақ өзін де таниды. Бала өзін-өзі тану арқылы өзі туралы және өзін қоршаған әлем туралы белгілі бір білімдер жиынтығына ие болады. Өзін-өзі тану тәжірибесі құрбы-құрдастарының арасындағы жағымсыз қарым-қатынастар мен кикілжің жағдайларды жеңу қабілеттері мектеп жасына дейінгі балалардың қалыптасу алғышарттарын құрайды. Өзінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін тани білу қоршаған адамдардың құндылықтарын түсінуге әкеледі.

6-7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту олардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуына, денсаулықтарын нығайтуға, сондай-ақ білім, білік және дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес, мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің көлемі аптасына – 24 сағат, оның ішінде 4 сағат - вариативтік бөлім.

Осы жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасының мазмұнын меңгеру білім беру саласын кіріктіру және заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қамтамасыз ету арқылы іске асады.

Білім беру салалары мазмұнын кіріктіру

Кіріктіру – бұл түрлі білім беру салалары мазмұнының өзара сіңісуі мен өзара бірге әрекеттесуі. Кіріктірудің ерекшелігі білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын, шаршау мен қалжырауды басатын түрлі білім беру салалары материалдарының логикалық өзара шарттылығы, өзара байланысы болып табылады.

Білім беру іс-әрекеті алуан түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы білім беру салаларын кіріктіру жолымен іске асады.

Білім беру әрекеті білім беру салаларын кіріктіру жолымен жүзеге асырылады және баланың эмоциялық дамуына, оқуға деген ынтасын арттыруға, танымдық қызығушылығын, әлемнің толық сипатын қалыптастыруға және ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Білім беру саласының мазмұнын кіріктіру:

- біртұтас үдеріс аясында білім беру саласының мазмұнын іске асыруды;
- баланың тұлғалық қасиетін және оның қоғамға үйлесімді енуін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Кіріктіру ұстанымына сәйкес білім беру әрекеті барысында бір білім саласы басқа білім беру салаларының міндеттерін бір мезгілде шешуі керек. «Денсаулық» білім беру саласының міндеттерін шешкенде, сондай-ақ «Әлеуметтік орта» білім беру саласына қатысты дағдылар да қалыптасады, «Таным», «Қатынас» және т.б. салаларына қатысты білімдер мен икемділіктер орнығады.

Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін жоспарлау үлгісі

	Денсаулық 4 сағат	**Қатынас 6 сағат**	**Таным 3 сағат**	**Шығармашылық 5 сағат**	**Әлеуметтік орта 2 сағат**
ДН	Дене шынықтыру -1	Тіл дамыту және көркем әдебиет-1 Орыс тілі-1		Музыка- 1	
СН	Дене шынықтыру -1	Орыс тілі-1	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1	Сурет салу- 1	Вариативті компонент 1
СР		Сауат ашу және жазу негіздері - 1 Вариативті компонент 1	Жаратылыстану және экология негіздері- 1	Музыка - 1	Өзін-өзі тану -1
БС	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология-1	Сауат ашу және жазу негіздері - 0,5 Тіл дамыту және көркем әдебиет-0,5 Вариативті компонент 1		Мүсіндеу - 1	Қоршаған ортамен таныстыру -0,5 Драма - 0,5
ЖМ	Дене шынықтыру -1	Ағылшын тілі-1	Құрастыру- 0,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру - 0,5	Жапсыру-1	Вариативті компонент 1

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы: 25-30 минут
Жалпы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің көлемі – 20, вариативті бөлік – 4 сағат.

«ДЕНСАУЛЫҚ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Мектепалды даярлықтың дене тәрбиесі жүйесінде қимыл әрекетінінің келесі ұйымдастырлған түрлері қолданылады: дене шынықтыру сабақтары, таңғы жаттығу, сергіту сәттері, қимыл-қозғалыс ойындары, серуендеу кезіндегі дене жаттығулары, спорттық жаттығулар, дене шынықтыру мерекелері мен ойын-сауықтар, дене шынықтыру күндері. Жазғы уақытта сауықтыру шаралары іске асырылады.

Балалардың қимыл әрекетінде қозғалысқа деген сұраныс пайда болады, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынастың барынша күрделі түрлері жинақталады. Олардың бойында дене шынықтыру жаттығуларында, қимыл-қозғалыс ойындарында жеке нәтижеге ғана емес, сондай-ақ ұжымдық нәтижелерге қол жеткізуге деген тұрақты қызығушылық пайда болады. Бұл олардың моралдық және күштік қасиеттерін дамытуға, өздерінің ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға ынталандырады.

Кеңістіктік-заттық дамытушы ортада педагогтар тарапынан әрбір баланың жеке даму мүмкіндіктері, белсенділік деңгейі мен қызығушылықтары ескеріледі. Оған:

- толық мазмұндық – ой-қиялын, қимыл белсенділігін, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимыл-қозғалыс ойындары мен жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ойындық, спорттық және сауықтыру құралдары;
- түрленушілік – қимыл белсенділігіне орын берілуі және ойынға сәйкес өзгеруі;
- қолжетімділік – тәрбиелеушілердің еркін қолжетімділігін қамтамасыз етуі;
- қауіпсіз болуы жатады.

Қимылдарды меңгерудегі жетістік, көбінесе, педагогтың берген талаптарының нақтылығына байланысты болады. Сондықтан оның түсінікті және балаларға қолжетімді болғаны жөн.

Жұмыстың барлық түрлеріне баланың табанын нығайтуға және жалпақ табанның алдын алуға арналған жаттығуларды (табанды сыртқа және ішке қарай қисайтып, кедір-бұдырдың, арқанның үстімен жүру, табанмен заттарды алу) қосудың маңызы зор.

Балаларды белсендіру үшін таңғы жаттығулар; қимыл-қозғалыс ойындары; релаксациялық ойындар; санамақтар, сергіту сәттері; спорт туралы жұмбақтар, саусақ ойындары картотекалары мен «Спорттың жазғы түрлері», «Қысқы спорт түрлері» альбомдарын, фотографиялар, танымал қазақстан спортшыларының суреттерін және с.с. жасаған дұрыс.

Дербес қимыл әрекеті

Балалардың дербес қимыл әрекетін күннің әртүрлі кезеңдерінде: таңертең сабаққа дейін, сабақ арасында ұйымдастыруға болады. Сондай-ақ мұнда топтың жалпы жағдайын, әр баланың жеке ерекшеліктері мен көңіл-күйін ескеру қажет.

Балалардың дербес қимыл әрекетін ұйымдастыру үшін, тиісті жағдайларды жасаған дұрыс. Ол үшін алаңда бос орын, жүгіру жолы, секіру мен лақтыруға арналған орындар болуы керек.

Дербес әрекет белсенсенділігін арттыру денсаулықты нығайту, дене дайындығын жақсарту, іс-қимыл тәжірибесін байыту, шығармашылық және танымдық әлеуетті арттыру құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Балалардың қимылдық тәжірибесін кеңейту мен байыту мектепалды даярлық сыныбы педагогтарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Педагог тиісті әрекеттерді нұсқап, оның тәсілдерін көрсету, түсіндіру, ынталандыру арқылы сүйемелдеуші сұрақтарды қолдануын жалғастыра түседі, балалардың өзін-өзі танытуына мүмкіндік жасайды. Дербес қимыл әрекетін ұйымдастыру кезінде, балалардың дене қасиеттерінің дамуы орын алады.

Балаларға жаттығулар мен ойынды педагогтың өзі көрсетуі ерекше маңызға ие. Ол өз бетінше түрлі қимылдарды білуі және орындауы тиіс. Шаңғымен, конкимен сырғанай алуы, жүзе білуі қажет. Спорттық жаттығулардың алуан түрлеріне үйрету тәсілдерін жеткілікті шамада білуі тиіс.

«Дене шынықтыру» сабағының мазмұны

1 Бөлім. Денсаулық және дене бітімі.

1.1.Денсаулықты нығайту Балалардың қимыл белсенділігінің алуан түрлерін жүргізу үшін, тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайлардың болуы, қыста – желдетілген бөлмеде, ал жазда терезелері ашық бөлмеде немесе далада өткізген дұрыс. Дене шынықтыру сабақтары мектепалды даярлық сыныбында 25-30 минут ұзақтықта аптасына 3 рет (күнделікті таңғы жаттығуларды қоспағанда) өткізіледі. Оның ішінде аптасына бір рет таза ауада өткізген жөн. Дене шынықтыру сабақтары, әдетте, үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Бірінші бөлімде балаларды ұйымдастыру, орындалатын қимылдық тапсырмаларға назар аудару қажет. Сабақтардың негізгі бөлімінде күрделі және қарқынды жаттығуларды орындауға баланың ағзасын дайындау қарастырылады. Негізгі бөлімде мынадай тапсырмалар орындалады: балаларды жаңа жаттығуларға үйрету, бұрын өтілгендерді қайталау және бекіту, балалардың қимылдарды орындаудағы білімдері мен дағдыларын жетілдіру. Үшінші, яғни қорытынды бөлімде баяу жүру, тыныс алу жаттығулары, қарапайым қимыл-қозғалыс ойындары өткізіледі.

Дене шынықтыру бойынша негізгі әрекеттің бірі - қимыл-қозғалыс ойындары. Мектепалды даярлық тобындағы қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру кезінде педагогтің рөлі ерекше. Ол тек әрбір ойынның мазмұны мен ережесін ғана біліп қана қоймай, сондай-ақ қимыл міндеттерін орындауға, оларсыз тәрбиелеу оқыту үдерісі мүмкін болмайтын күш сапаларын (ептілікті, тапқырлықты және т.б.) қалыптастыруға бағыттайды.

Педагог әрбір сабаққа балаларды ұйымдастыру мен қажетті құралдарды орналастырудың қолайлы әдістерін алдын ала қарастыруы қажет. Бұл дене жаттығуларын жасауға бөлінген уақытты үнемдеуге, балалардың қимыл белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды таңдаған кезде, жаттығулардың белгілі бір бұлшықеттерге әсер етуіне назар аударған жөн. Жаттығуларды бастамаудан бұрын, педагог барлық баланың дұрыс бастапқы қалыпта тұрғанына көз жеткізуі тиіс. Өйткені жаттығударды орындау амплитудасы, қарқын мен денеге күш осы бастапқы қалыпқа байланысты болады.

Балаларды өз бетінше өздерінің қимылдарын талдауға, оларды көрсетуге, сұрақтарға жауап беруге, жіберілген қателерді байқауға және жөндеуге үйрету керек. Сабақ кезінде маңыздысы, педагогтың сөзі анық, салмақты және мәнерлі болуы қажет.

Таңғы жаттығулар Таңғы жаттығудың негізгі мақсаты – сергек және қуанышты көңіл-күйді орнату, барынша қарқынды жүктемелерге көшуге белсендіру және әсер ету. Арнайы таңдалған жаттығулар барлық ағзаның физиологиялық дамуына жақсы әсерін тигізеді.

Таңғы жаттығуды өткізу үшін тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасалуы, жақсы желдетілген бөлмеде өткізілуі тиіс, ал жазғыдыгүні терезесі ашық бөлмеде немесе далада өткізген дұрыс. Жаттығулардың құрамы мен қарқыны күрделілік дәрежесіне байланысты. Таңғы жаттығуды, мүмкіндігінше, музыканың сүйемелдеуімен өткізген жөн.

Таңғы жаттығу қысқа мерзімдік қарқынды жүріспен басталады. Жүру кезінде педагог балалардың кеудесін тік ұстауын, денесін қатты жиырмауын, басын тік ұстап, қолдарын еркін қозғалтуын қадағалауы керек. Жаттығуды орындау тәсілін педагог балаларға қарама-қарсы тұрып көрсетеді. Педагогтың нұсқауы қысқа болуы тиіс, таныс тәсілдерді орындау немесе топтағы белснеді балаларға жаға жаттығуды орындау тәсілдерін көрсету қажет.

Таңғы жаттығулар кешендерін екі апта сайын өзгертіп отыруға болады. Таңғы жаттығуларды заттармен: гимнастикалық таяқша, доп, құрсау, секіртпелермен және т.б. етіп түрлендіруге болады. Мұның өзі қимылдарды дұрыс және мақсатқа сай орындауға жәрдемдеседі, жаттығуларға деген қызығушылықты арттырады.Негізгі қимыл дағдыларын бекітуде қимыл-қозғалыс ойындарының орны ерекше.

Ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайларына, дайындығына, сондай-ақ ойынның күн тәртібіндегі орны, жыл мезгілі және басқа жағдайларына сәйкес іріктеледі. Педагог алдымен ойынды түсіндіреді, сосын рөлдерді бөледі және балаларды орналастырады. Жылдам қимылдайтын ойындар 3-4 рет, ал баяу қимылдайтын ойындар 4-6 рет қайталанады. Қайталау арасындағы үзілістер 0,3—0,5 минутты құрайды. Қимылды ойынның жалпы ұзақтығы 15 минутқа дейін созылады.

Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Шанамен төбешікке көтерілу. Төмен сырғанауда шананы тежеу. Бір-бірін сырғанату. Мұз жолымен жеке-дара жүгіріп келіп сырғанау.

Шаңғымен жүру. Бір-бірінің соңынан тұрып, кезектескен адыммен алға жылжу. Қиылысқан бос жерлермен жүру. Бір орнында тұрып айналып оңға, солға аттау, екі жаққа шеңбер жасау. Шырша, жартылай шаршы адымдармен төбешікке шығу. Еңкейіп төмен түсу. Шаңғыны өз беттерімен алу, орнына қою, кию, шешу, қолтығының астында алып жүру.

Конькимен сырғанау. Өз бетінше бәтеңкені конькимен бірге кию. Конькимен (қарда, мұзда) тепе-теңдік сақтау. Екі аяпен жүгіріп келіп сырғанау. Сырғанау барысында оңға, солға бұрылу. Конькимен түзу бағытта, шеңбер бойымен сырғанау.

Велосипед және самокатпен жүру. Шеңбер бойымен және тура жолмен қос дөңгелекті велосипедпен жүру. Оңға және солға бұрылыс жасау. Оң және сол аяқпен итеріп, самокатпен жүру.

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып, аяқпен қимыл жасау (жоғары, төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы көлденеңінен созылған). Иек, көз деңгейіне дейін суға отыру, суға бетін батыру, суға үрлеу. Суға басын батырып отыру. Хауыздың қабырғасынан екі аяқтап күшпен алға ұмтылу жаттығуын жасау. Шалқасынан және кеудесімен сырғанау, суға дем шығару. Баланың өзіне ыңғайлы кез-келген тәсілмен жүзу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар, секірулер жасай отырып, суда қимылдар жасау, ернеуде тұрып, басқа да жалпы дамыту жаттығуларын жасау.

Спорттық ойын түрлері

Бадминтон. Ракетканың воланын белгілі бағытқа қағып лақтыру. Тәрбиешімен жұптасып ойнау.

2 –бөлім. Қозғала білу және сенімділік

2.1.Қозғалыс

Бір орында тұру және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта жүру түрлерін орындау. Бұл жаттығулар, ең бастысы, дене шынықтыру залында балаларды жылдам орналастыру және ұйымдастыру үшін, дене шынықтыру жаттығуларын орындау алдында және сабақ аяқталар алдында қолданылады. Сонымен қатар олар дұрыс қаңқаны қалыптастыру дағдыларына, тепе-теңдікті сақтауға, көз мөлшерді, жылдамдықты, тапқырлықты дамытуға, кеңістікте бағдарлануға, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, жинақылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сап түзеу, қайта құру. Сап түзеу (бір-біреуден, шеңбермен, қатармен өздігінен сапқа тұру. Жүріп келе жатып екеуден, үшеуден, төртеуден, біреуден бернеше шеңберге (2-3) қайта құрылу. «Бірінші-екіншіге» саналу және бір қатардан екеуге қайта құрылу; сапқа, қатарға, шеңберге түзелу; сүйеу адыммен қабысу және бөліну; оңға, солға, шеңберге бұрылу.

Негізгі қимыл түрлерін дамыту жаттығулары Мектепалды даярлық сыныбында келесі қимыл түрлері үйретіле бастайды: жүгіріп келіп, ұзындыққа және биіктікке секіру. Педагогтың осы кездегі жаттығуды дұрыс және балаларға қолжетімді етіп көрсетуі мен түсіндіруі өте маңызды. Көрсету мен түсіндіру кезінде, қимылдың жеке элементттерінің реттілігі мен үйлесімділігіне, неге күш

салу керектігіне баса назар аудару қажет. Балаларды жіберілген қателерді байқауға және оларды жөндеуге, орындалған қимылдың сапасын талдауға үйрету керек. Балалар тек қарапайым ғана емес, сонымен қатар күрделі қозғалыстық қимылдарда да (мысалы, допты жүргізу, оны лақтыру және бір қолмен қағып алу, секіртпені алға және артқа айналдырып секіру) айтарлықтай дәлдікке қол жеткізуі мүмкін.

Олардың ішіндегі игеруге күрделілері жүгіріп келіп секіру, алысқа лақтыру болып табылады. Балалардың алғашқы байқау сынағын зейін қойып бақылау педагогқа қолайлы әдістемелік тәсілдерді таңдауға, олардың оңтайлы үйлесімділігін (жетелеуші жаттығулармен көмек) ойлап табуға жәрдемдеседі. Бекіту мақсатында ұтымды әрекет жасауға тырысудан кейін, жаттығуды қайталап жасатқан дұрыс.

Жүру. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап тұрып, аяқтың ұшымен, өкшемен, табанның сыртқы қырларымен тұру, тізені (жамбасты) жоғары көтеріп, гимназиялық, кең, тар, сүйеу адыммен алға және артқа, өкшеден аяқтың ұшына алмасып, жүрелей отырып, сапта біреуден, екеуден, үшеуден, төртеуден, қатармен жүру. Әртүрлі бағыттарда: шеңбермен, тура, жыланша, бытырап жүру. Қозғалыстың басқа түрлерімен құрамдасып жүру. Гимнастикалық орындықта әртүрлі әдістермен жүру. Жіңішке гимнастикалық орындықта, арқан (диаметрі 2-3см) бойымен тура және бүйірімен жүру. Көзді жұмып айналу.

Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, аяқты артқа қарай бүгіп, аяқты алға қарай лақтырып, тар және кең адыммен жүгіру. Әртүрлі қалыппен жүгіру, сапта біреуден, екеуден, әртүрлі бағытта, әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, кедергілерден өту. Тақтай бойымен, бөренемен , жүрумен, секірумен алмасып, қарқынды өзгертіп, спорт жабдықтарын пайдаланып жүгіру. 2-3 минут бойына үзіліссіз жүгіру; 80-130 метрді орташа жылдамдықта (2-4 рет) жүрумен алмастыру, 10 метрді 4-6 рет қайталап шауып, соңына қарай 30 м шамамен 7 секундта жылдамдықпен жүгіру.

Секіру. Қос аяқтап секіру: орнынан, шеңбер жасап бұрылу, 5-6 м алға жылжып, аяқтар арасына заттарды қыса отырып (құм салынған қапшықты және т.б.). Қос аяқпен, бір аяқпен, еңіс беткейдің үстінде қос аяқпен алға ұмтыла секіру.

Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық орындықта еңбектеу: төрт тағандап, екпетімен және шалқасынан, қолымен тартыла отырып және аяғымен серпіліп, жыланша өрмелеу. Заттың астына, аралығына әртүрлі әдістермен (заттардың биіктігі 35-50 см) кіру. Гимнастикалық орындықта қарқынды өзгерте отырып, тепе-теңдікті сақтай отырып, қолдар мен аяқтардың бірдей және айқасқан қозғалыстарын пайдалана отырып, диагоналдары бойымен өрмелеу.

Лақтыру, қағып алу, көздеп лақтыру. Заттардың арасымен допты домалату. Допты бір-біріне төменнен, отырған қалпында аяқтың әртүрлі жағдайында; тордан асыра беру. Допты жоғарыға, жерге лақтыру, қос қолмен (15-20 реттен кем емес), бір қолымен (8-10 реттен кем емес) қимыл жасай отырып қағып алу. Допты соғу. Допты әртүрлі бағыттан кіргізу. Толтырылған

допты лақтырысу. Сол және оң қолмен алысқа (8-10 м) көздеп лақтыру. Әртүрлі қалыптан нысанды көздеп лақтыру.

Допты беру және қағып алу алдымен жүру кезінде, содан соң жүгіру кезінде орындалады. Содан соң біртіндеп допты беруде және қағып алуда жаттығулар күрделіленеді. Ұшып келген допты алдымен және жанымен, төменнен және жоғарыдан, орнында тұрып және қимыл барысында қағып алуды үйрету қажет. Сонымен бірге шеңберде тұрып қос допты, үш, төрт допты беруге жаттығулар қолданылады. Алдымен орнында тұрып допты беру әрекеті орындалады, артынан допты лақтырып артынан жүру, содан соң допты қағып алушының орнына бару, содан соң қарама-қарсы допқа қарсы бағытқа ауысу орындалады. Әрбір жаттығуда балаларға қолжетімді тапсырмаларды беру қажет: сәйкес тәсіл мен допты беру бағытын таңдау, педагогтың нұсқауы немесе қимылды көрсетуіне сәйкес әрекет ету. Допты беру және қағып алуды жетілдіру кезінде осы қимылдарды басқа тәсілдермен: тұру, айналу, допты тебу және лақтыру сәйкестендіру кеңінен қолданылады.

2.2**. Дене қуаты қасиеті** Шыдамдылық, ептілік, жылдамдық, күш, тепе-теңдік, көз мөлшерді қажет ететін дене жаттығуларын орындауға мүмкіндік беретін тек дағдыларды қалыптастырумен емес, сондай-ақ сапалық ерекшеліктерді дамытумен байланысты қозғалыстық қимылдарды меңгеру.

Күш қасиеттерін дамытуға жаттығулар Қолдарды орындыққа сүйеп, аяқтарды созып, қолдарды жазып-бүгу, яғни кеудені жоғары көтеріп, төмен сығу (5-6 рет); қолмен 5 м жүру (екінші бала қолмен жүретін баланы аяқтарына ұстайды); гантельдермен жаттығулар; арқан тарту; керме мен дөңелектерге тартылу; үрленген шарлармен жүгіру және басқалар.

Шыдамдылықты дамытуға жаттығулар Шеңбер бойымен бағытты өзгерте отырып, 5 минут жүгіру; заттармен эстафета; ойлы-қырлы жерлермен жүгіру; 20 сек 60 сек дейін секірпемен секіру; велосипедпен жүру; түрлі тәсілдермен шаңғымен көтерілу; 15-20 минут бойы кез-келген қимыл-қозғалыс ойындары.

Мергендікті дамыту жаттығулары «Нысанаға тигізу», «Асықтар» және басқалар. Эстафеталар мен атракциондар ынтымақтастыққа үйретеді, командалық рухтың көңіл-күйін көтереді, салауатты спортқа құмарлықты дағдыландырады, күш береді, белгілі дағдыларға үйретеді, денсаулықты нығайтады сондай-ақ балалардың психологиялық көңіл-күйін жақсартады,

Тепе-теңдік сақтау. Арнайы түзу бойымен, басындағы затымен, қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, жүрген кезде тепе-теңдік сақтау. Гимнастикалық орындықта және кедергісі (аласа заттар) бар кедір-бұдыр тақта үстімен жүру.

3- бөлім. Ынтымақтастық және басқару

3.1 *Командада жұмыс жасау.* Командалық ойындар – бұл балаларды жылдам және тиімді ойынға баулитын ширақ командалық сайыстар. Педагог балалардың команда құруына барынша белсенділік таныту қажет. Ол үшін балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесінің жоқтығына, өздерінің сәтсіздікке ұшырауынан көңіл-күйі түспеуі үшін, олардың қимылдарын айтып

және түзетіп отырған дұрыс. Балаларды командада жұмыс істеуге, команда бойынша достарға көмектесу мен қолдау көрсетуге үйрету керек.

Баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолдап допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру. Ойынды топ болып үйрену.

Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Жұптасып тұрып, допты аяқпен бір-біріне домалату.

Хоккей. Берілген бағытқа, қақпаға доптаяқпен шайбаны сырғанату. Жұптасып тұрып шайбаны бір-біріне сырғанату.

Мектепалды даярлық сыныптарында волейбол, футбол, хоккей, баскетбол элементтерін кеңінен қолдануға болады. Командалық ойындар әлеуметтік дағдыларды дамытады, ынтымақтастыққа, өзінің көзқарасын білдіруге өзекті мәселелерді шешуге үйретеді, сондай-ақ балаларға командаға топтасуға көмектеседі, өзін командамен бірге сезінуге, бір-бірімен жақынырақ танысуға, достар табуға, жай ғана қуану мен дем алуға үйретеді.

3.2. Дене шынықтырудағы техника мен тактика

6 жастағы бала бір заттардың басқа бір заттарға орналасудағы ара қатынасын анықтай алады. Сондықтан дене шынықтыру және музыка сабақтары, таңғы жаттығулар тиісті жаттығуларға үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Кеңістікті жақсы бағдарлау қимыл-қозғалыс жаттығуларын дұрыс орындауға мүмкіндік береді. Ол үшін педагог үнемі қимылдың бағыттарын нұсқап отырады: «оңға (солға) бұрыл, қолды жоғары көтер!» және т.с.с. Кеңістіктік бағытты білдіретін сөздерді заттардың атымен ауыстыруға болмайды (Мысалы, «Терезеге жақында»). Алынған дағдыларды бекітуге мынадай ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады. «Сыңарын тап», «Жақын-алыс», «Асықтар», «Не өзгерді?» және басқа.

Ойындарды ұйымдастыру: педагог ең алдымен ойынның атауын айтады, мазмұнын ашып, ойын ережесін түсіндіреді. Егер ұсынылатын ойын күрделі болса, онда ойынды егжей-тегжей түсіндірілмейді, тек ең маңыздылары ғана түсіндіріледі, ал қалған бөліктері ойын барысында айтылады. Ойын ережесін түсіндіру қысқа, дәл және эмоционалды болғаны жөн. Педагог-маманның сөзі балалардың назарын өзіне аударуы және қызығушылықтарын арттыруы үшін, байыпты және мәнерлі болуы қажет. Ойын тәсілдері, баланың есімімен атап жүгіну, дер кезінде көмектесу мен жігерлендіру баланы белсендіреді, баланың қимылдарды өз бетінше орындауға деген құлшынысын арттырады.

Сайыс сипатындағы жаттығулар ойдағыдай әсер етуі үшін, педагог төрелік етіп қана қоймай, ойынға жан-тәнімен кіріскені дұрыс. Тағы да бір ескеретін жағдай, сайыстардағы жеңіс пен жеңілісті балалардың қалай қабылдайтындығын да үнемі қадағалап отырған дұрыс. Мұнда педагог үнемі басқалардың жеңісіне қуана біліп, жеңіске жеткендерге күлкілі, бірақ жағымды тапсырмаларды беруге болады. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру үшін, ынталандыру сыйлықтарын да беруге болады.Ойын эстафеталарын ұйымдастыру кезінде келесі ережелерді сақтау:

- қатысушылар санының тең болуы;

- саптың алдында кіші жастағы балалардың тұруы;
- жүгіруді кезектілік бойынша ғана орындау;
- сызықтың сыртымен жүгірмеу;
- эстафетаны бастаған баланың сайысты аяқтауы;
- тапсырманы барлық қатысушылар орындауы;
- тапсырманы бірінші орындаған команданың жеңіске жетуі.

Дене шынықтыру шараларын өткізгенде, қауіпсіздік техникаларын ескеру:

- кез-келген әрекет, оның ішінде дене шынықтыру әрекеті ересектің тікелей байқауы және бақылауымен жүзеге асырылады;
- спорт залы мен спорт алаңында балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалуы керек. Олар:
- барлық жабдықтар (гимнастикалық қабырға, кешендер, саты, қақпа және басқалар) мықты бекітілуі керек, құлап кету мүмкіндігі ескерілген барлық қажетті жабдықтар, құралдар, сынып бөлмесінің интерьері (ішкі көрінісі) барлық қауіпсіздік пен тұрақтылықты толық ескере отырып қойылады және орналастырылады;
- балалардың қолданатын құралдары кеуде тұсында орналасуы керек;
- дене шынықтыру сабағы ұйымдастырылатын бөлме таза, жарық және жақсы желдетілетін болуы қажет. Жарықтылық дәрежесі белгіленген санитарлық-гигиеналық қағидаларға сәйкес болуы, балаларға салмағы 2-2,5 кг-нан артық заттарды көтеруге, індет жұқтыру қаупі бар еңбекке балаларды тартуға (залды тазалау және басқалар) тыйым салынады.

Жабдықтар мен материалдарға қойылатын талаптар:

- дене шынықтыру жабдықтары жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы;
- қолданылатын заттар ақаусыз және қауіпсіз болуы;
- ересектерге арналған жабдықтар мен құралдарды қолдануға тыйым салу;
- барлық жабдықтар ұқыпты, ыңғайлы және ретімен орналастырылуы, таза және жөнделген жағдайда сақталыуы тиіс.

4-бөлім. Шығармашылық қабілеттер Қимыл-қозғалыс ойындарында балалар шығармашылық қабілеттерін белсенді танытады. Бұл баланың қимылға табиғи сұранысы, қимылдық міндеттердің шешімін табудың қажеттілігі. Қимыл-қозғалыс ойындары үнемі қайталауды қарастырады, бірақ өз вариативтілігіне байланысты олар балаларды жалықтырмайды, керісінше таныс ойындардың нұсқаларын өз бетінше ойлап табу ұнайды. Педагогтар тәрбиленушілерге таныс шығармалардың желісі бойынша қимыл-қозғалыс ойындарын өз бетінше ойлап табуды ұсынуына болады. Қимыл-қозғалыс ойындарында шығармашылық танытуды балалардың игеруі үшін, келесі жағдайлар болуы керек:

- ересектің баламен мүдделі серіктесі ретінде «теңдік» ұстанымындағы бірлескен ойын;
- қимыл-қозғалыс тәжірибесін біртіндеп байыту;
- кеңістіктік-заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Дене шынықтыру мерекелері мен ойын-сауықтарына дайындық пен оны өткізу барысында, педагог балалардың бастамашылдығы пайда болатын жағдайлар жасайды. Мектепалды даярлық балаларымен дене шынықтыру ойын-сауықтарын айына 1 рет 40 минутқа дейінгі ұзақтықта өткізу ұсынылады. Бос уақытты мақсатты түрде таза ауада күннің екінші жартысында өткізу. Оның мазмұны құрамында балаларға таныс жаттығулар, ойын-эстафеталар, аттракциондар болады. Дене шынықтыру мерекесі жылына 2 рет: қыстығүні және жаздығүні 1 сағатқа дейінгі ұзақтықта өткізіледі. Онда балалар дене дамуындағы өз жетістіктерін көрсетеді.

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері және валеология сабағының мазмұны

Балалардың бойында денсаулықты сақтау құзыреттіліктерін қалыптастыру іс-шаралары жүйесіндегі маңыздысы – олардың бойында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Мектепалды даярлықта қауіпсіз мінез-құлық негіздері және валеология бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті аптасына бір сағат 25-30 минут ұзақтықта өткізіледі. Педагог оқытудың сөздік, көрнекілік және практикалық әдістерін сәйкестендіруі қажет. Мысалы, тыныс алу жаттығуларын, психогимнастика, массаж, релаксациялық жаттығуларды өткізу кезінде. Ертегі желісін, мультфильм кейіпкерлерінің кездесулерін, өлеңдер, ертегі, жұмбақтарды қолдана отырып оқытуға болады. Осы мақсатта әрекет түрлерін ауыстырып қолдануға болады, мысалы, сергіту сәтін релаксация сәтімен ауыстырып қолдану. Мұнда ең маңыздысы - алынған білім мен біліктердің басқа әрекет түрлерінде бекітілуі.

6-дан бастап 7 жасқа дейінгі балалар кезекші міндеттерін, еңбек тапсырмаларын атқарады, заттарды сақтайтын орындарды жабдықтауға, киімі мен аяқ киіміне күтім жасауға, кию мен шешінуге жақсы қатысады.Баланың өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда ересектің оған деген қарым-қатынасы ерекше орын алады. Ең маңыздысы, педагог баланың өзін-өзі бағалауы емес, оның қимылдарын бағалауы болып табылады. Ескерту жасаған кезде, балаға айқайлап дауыс көтермей, байыппен жеке өзіне ескерткен дұрыс.

Балалардың бойында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіру жұмыстарының тиімділігі педагогикалық ұжым мен ата-аналарға қойылатын талаптардың бірлігі болып табылады. Сондай-ақ балалардың игерілген дағдыларды үйінде және демалыс күндері қолдануының да өзіндік маңызы зор.

1-бөлім. Жеке бас гигиенасы. Мектепалды даярлықта валеология бойынша тәрбиелеу мен үйрету мінез-құлық мәдениетін қалыптастырумен, саналы тәртіпті тәрбиелеумен, өзінің тәніне және денсаулығына құнды қатынасты қалыптастырумен, өзіне қызмет көрсету дағдыларын жетілдірумен тығыз байланысты.

1.1. Адамның дене құрылысы. Адам денесінің бөліктері мен сезім мүшелері. Мүшелер: өкпе, бүйрек, жүрек, асқазан, тіл. Мүсінді сақтаудың негізгі ережелерін білу және қолдану. Сезім мүшелері. Олардың жұмысы. Сезім мүшелеріне ұқыпты қарау және оларға күтім жасау. Түрлі дене мүшелеріне

көңіл қоя білу. Не сезінеді? Қандай ықылас пайда болады? Әр уақытта біз әр түрлі жағдайда боламыз: мейірімді, ашулы, көңілді, мұңлы. Көңілді, мейірімді болған кезде, біз өзімізді жақсы сезінеміз.

1.2. Дене гигиенасы. Валеологиялық тәрбие бағыттарының бірі – бұл өз ағзасына деген құнды қатынасты қалыптастыру, өз тәніне қамқорлық жасай білу. Ауыз қуысы мен тәнге күтім жасаудың гигиеналық ережелерін түсіндіру. Балалардың гигиеналық және сауықтыру шараларын дұрыс және бірізді орындап қана қоймай, сондай-ақ көңіл-күйді жақсарту үшін, олардың мән-мағынасын түсінуі, ауруларды ескеруі және қанағаттану әсерін сезінуі ерекше маңызға ие.

1.3.Күн тәртібі. Дене, психикалық және үйлесімді дамуға қажетті деңгейлерді қамтамасыз ететін жағдайлардың бірі күн тәртібін ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс күн тәртібі дегеніміз – бұл күні бойы әртүрлі әрекет түрлерін іске асыру, балалардың тынығуы, тамақтануы, гигеналық және сауықтыру іс-шаралары, тікелей білім беру әрекеті мен балалардың дербес әрекетінің орынды ауысуы және үйлесімді жалғасуы.

Дұрыс құрылған күн тәртібі балаларды тәртіпке жетелейді, жұмысқа қабілеттілін арттырады, тәбетін ашады, олардың дұрыс психофизикалық дамуына және денсаулығын нығайтуына мүмкіндік береді.

Валеологиялық мәдениетті тәрбиелеу үдерісі балалар әрекетінің барлық түрлерінде ұйымдастырылуы керек. Бірлескен әрекетте балалар түрлі ойындар мен жаттығулар арқылы денсаулықты нығайтудың практикалық біліктерін меңгереді, ал арнайы сабақтарда өз ағзасы, оның қызметі, денсаулықты сақтау мен қорғау тәсілдері туралы білімге ие болады.

1.4. Шынықтыру. Шынықтыру шарасы – бұл бір-бірін толықтыратын, бір-бірімен өзара байланысты шаралардың тұтас кешені. Шынықтыру қағидалары: біртіндеу, жүйелілік және жеке ерекшеліктерді ескеру. Шынықтырудың негізгі құралдары – табиғаттың табиғи күштері: күн, ауа (ұйқыдан, таңғы жаттығудан кейінгі ауа ванналары, дене шынықтыру сабақтары) және су (сүрту, құю, шомылу).

2-бөлім. Дұрыс тамақтану

2.1. Дұрыс тамақтану ережесі. Мәдениетті тамақтану ережесі. Түсі, иісі, пішіні бойынша сапалы өнімдерді білу және ажырата алу. Ашығудың белгісі. Ашығу сезімін, шөлді қалай жеңуге болады? Жеңіл тамақтануға болады (алма, мейіз, жаңғақтар). Тәттіні көп жеуге болмайды, бұл зиян. Дәрумендер – табиғи қорғаушылар. Су. Суды пайдалану қауіпсіздігі. Жемістер, жидектер, тәттілер, жаңғақтар, шекілдеуік, ет және балық. Олардың пайдасы мен зияны. Азық-түліктерді қолдануға дайындау ережелері: жуу, қайнату, тазалау.

*2.2 Дәрумендердің пайдалы қасиеттері.*Дұрыс зат алмасуға, тіндердің өсуі және жаңаруы, ағзаның барлық қызметін биохимиялық қамтамасыз етуге қажетті дәрумендер. Денсаулықты қорғау үшін, балаларға негізгі дәрумендер мен микроэлементтерді қосымша қабылдаудың қажеттілігін түсіндіру.

3-бөлім. Қауіпсіздік ережесі

3.1. Үйдегі қауіпсіздік:

- ауырған, шаршаған кезде, жедел түрде ересектерге хабарлау керек;

- қажет болған жағдайда, шұғыл қызмет телефонына (101, 102, 103) хабараласа алу;

- үйдің есігі қағылған сәтте, есікті ашпастан бұрын кішкене тесігіне қарау, егер есіктің тесігі сыртынан жабық болса, есікті ашпау;

- пәтердің есігін ашып, танымайтын адамға шықпау, есікті тек құлыппен жауып қана қоймай, сондай-ақ ысырма және шынжырмен жабу;

- танымайтын адамның көлігіне отырмау.

3.2 Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы өзін дұрыс, қауіпсіз және мәдени ұстау. Жедел қызмет телефондары. Жалпыға ортақ құрал-саймандарды ұқыпты және дұрыс қолдана білу (жеделсатылар, телефон-автоматтар). Қиын жағдайда өзін-өзі ұстау ережесі. Шұғыл жағдайда өзін-өзі ұстау ережесін білу:

- егер адасып қалсаң немесе бейтаныс жерге тап болсаң, полиция қызметкерлерінен, кассирден, сатушыдан және басқа да қызметкерлерден көмек сұрау;

- полиция көлігін ажырата алу;

- жедел сатыға (лифт) танымайтын адаммен бірге кірмеу;

- жүріп бара жатқан кез-келген көліктің адамға қауіп төндіретінін білу.

3.2 Табиғат аясында. Жабайы аңдар. Жәндіктер. Жәндіктердің келтіретін зиянын білу (шыбын, маса, тарақандар). Олардан қалай сақтану қажеттілігін білу. Көшеде және бөтен үйде жануарлармен қарым-қатынас жасағанда, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Үй жануарлары. Жануарларды күтіп-бағы кезіндегі қауіпсіздік шараларын білу. Ауа-райы. Ауа-райы өзгерген жағдайда (қар, жаңбыр жауғанда, ыстықта, суықта), өзін-өзі қалай ұстау керектігін білу.

Саңырауқұлақтар. Улы өсімдіктер. Саңырауқұлақ тергеннен кейін қолды тазалап жуу. Қураған ағаштар мен бұталардың қаупі. Дәрілік шөптер. Жеміс-жидектер және олардың пайдасы.

«ҚАТЫНАС» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Педагог балаларды бір-біріне сыпайы қарым-қатынас жасауға, құрбы-құрдастарын тыңдай білуге, дауласпай, бір-бірінің сөзін бөлмеуге. сыпайы түрде қарсылық білдіру дағдысына тәрбиелеу арқылы олардың ұжымдағы өзара қарым-қатынасына және тілдесу мәдениетіне ерекше мән береді. Педагог балалардың ересектермен әңгімелесуі кезінде, оған құрмет көрсету және назар аудару білігін қалыптастырады. Педагогқа балалардың әрекет мазмұнын түсінуі және оны дұрыс бағалауы маңызды. Оның ықпалымен мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі жағдайда қалай әрекет ету қажеттілігін өз бетінше анықтауға қабілеттілігі арта түседі.

Оқу әрекеттерінің мазмұны білім және тәрбие міндеттерінің кешенді және өзара байланыста шешілуіне бағытталған. Жаңа материалды игеру ескіні жаңғырту негізінде жаңаны іске асыру арқылы жүргізіледі. Жаңа материал шағын «үлеспен» беріледі. Сабақ барысында жаңа материалды бастапқы қабылдау және оны түсіну, бекіту іске асырылады, мұның өзі сабақ құрылымынан көрініс табады. Қайталанған сабақта білім, дағды және біліктерді игеру, оны одан әрі кеңейту және тұжырымдау жүзеге асады. Әртүрлі әрекеттер арқылы және түрлі жағдайларда білімді бірнеше қайтара қабылдау қалыптасатын түсініктердің толыққандылығын қамтамасыз етеді.

«Тіл дамыту және көркем әдебиет» сабағының мазмұны

1-бөлім. Тыңдалым және айтылым

1.1. Дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру Тілдің дыбыстық мәдениетінің міндеттерін шешуде, жалпылама жұмыс түрлері маңызды болып табылады. «Тіл дамыту және көркем әдебиет» сабақтарында балалардың тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.Тілдегі жан-жақты байланыс (тілдік дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу, грамматикалық құрылымын қалыптастыру, сөздікпен жұмыс) сөздерді байланыстырып сөйлеудің алғышарты болып табылады.

1.2 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну

Айналасы туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру барысында, балалардың сөздік қоры дамытылады. Тілін зат есімдермен, етістіктермен, қосымша сөздермен, шылау және одағайлармен байыту. Жалпы есімдерді қолдану (бас киімдер, бұталар, көліктер, электр құралдары, музыкалық аспаптар, жидектер, жәндіктер және т.б.);

1.3. Әдеби шығарманың жанрын анықтау. Балалардың диалогтық және монологтық тілін дамытуға ықпал ететін тілдік орта құру: балаларға әңгімелеп беру және оқу; мәнерлеп оқу; қайталап айту.

1.4 Тыңдалған материалды мазмұндау. Қайталап айту – бала тілін дамыту құралы. Әдеби мәтінді қайталап айтуға қойылатын талаптар:

- толыққанды және түсінікті мазмұн. Аталған жастағы балалар әдеби шығармалардың мазмұнын қайтадан жақсылап айтып бере алады, күшті

аяушылық сезімін білдіреді, олардың жан-дүниесіне жақын болып кетеді, сондықтан балаларға тән жағдайға ие, олардың қиялын ұштайтын және сезіміне әсер ететін мәтіндерді таңдаған тиімді;

-жанрлардың алуан түрлілігі. Мазмұнын қайталап айтып беру үшін бірнеше жанрларды: әңгіме, сипаттама, халық ертегілерін ойластырып қолдану қажет;

-анық композиция. Шығарманың негізгі түйінін түсінуге кедергі болмайтын жайттар, оның бөлімдері арасындағы логикалық байланыс қадағаланады, мұның өзі балаларға әңгімені жеңіл түрде тұжырымдауға мүмкіндік береді;

-қарапайым, сонымен қатар тілі бай болуы қажет.

Бір сабақта қайталап айтып беруге қатысушылардың саны шығарманың көлеміне және толық қайталауына (шамамен 5-7 бала) байланысты. Сабақта қайталап айтуда әр бала қалаған нәтижеге қол жеткізе алуы тиіс.

1.5 Оқиғаны болжау мектепалды даярлық сыныбында балаларға түсінік айтудың (сипаттамалық және хабарламалық түрдегі) қарапайым құрылымы туралы ұғымды қалыптастыру өз жалғасын табады. Балаға заттың (ойыншық) атауы мен белгілерін дұрыс айту, затқа сипаттама беру кезінде, жіберілген қателіктерді анықтау үйретіледі. Пейзаждық картина, натюрморт бойынша сипаттамалық әңгімелер құруға болады. Ірі мазмұндағы картиналар бойынша, сондай ақ, кейіпкерлері бірдей картиналар сериясы бойынша балалар хабарламалық әңгімелер құрастырады.

Бұл тақырыптар жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Ұжымдық әңгімеде балаларға жолдастарын толықтыру, түзету ұсынылады, әңімелесушіден қайталап сұрайды немесе оған сұрақ қояды. Әңгімеге, әдетте, көп сөйлемейтін, тұйық балалар тартылады, оларға көмекші сұрақтар қойылады, ынталандырылады. Осындай сұқбат барысында ересектермен тілдесу дағдыларын, қоғамдық орындардағы тілдесу ережелерін қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді.

Педагог балаларды белгілі бір тақырыпта олар автобуста нені байқады, үйге бара жатқан жолда көрген қызықтары және т.б. туралы әңгімелеуге тартады. Бұл әңгімелер балалардың есіне осыған ұқсас жайттарды еске түсіреді және олардың тұжырымдары мен бағалауын жандандырады.

1.6 Түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына қатысу, тілдік нормаларды дұрыс қолдану Педагог ауызша өтініштің үлгісін береді де, осы сөз тіркестерін еске сақтау қажеттігін ескерте отырып, кейде балаға қайталауды ұсынады. Бұл тапсырма сыпайы сөйлеудің формаларын бекітуге ықпал етеді. Тілдік әдеп формаларын қолдана білуге үйретеді.

1.7 Тыңдаушының назарын аудару Балаларды шығарманы тыңдай білуге үйретуде олардың жеке тәжірибесінен мысалдар келтіріледі: сүйікті ойыншықтары, отбасы мүшелері, жануарлар, демалыс күндері, балалар мен олардың жақындарының өміріндегі қызықты оқиғалар. Балалар ертегінің соңын өздері ойластырса, мұның өзі тиімдірек болады.

1.8 Берілген тақырып бойынша әңгіме құру Ересектердің көмегімен берілген тақырып бойынша шығармашылық әрекет дағдыларын: әңгіменің жалғасын және соңын ойластыра білуді қалыптастыру. Әңгіме құрастыруға үйретуде педагог өзіндік әңгіме үлгісінің нұсқасын ұсынады. Аталған жас кезеңіндегі балалар әңгіме жоспарын құруы мүмкін, өз сөзінде жай сөйлемді, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас сөйлемді қолдану арқылы осы жоспарды ұстанады.

Әртүрлі тәсілдер, мысалы: көркем сөз, ой қорытуға түртті болатын сұрақтар, музыка тыңдау және т.б. қолданылуы мүмкін. Мысалы, күз тақырыбындағы картинаны қарастыру алдында, балаларға күз туралы музыкалық шығарма тыңдатылады.

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологтық ойларды дұрыс, бірізділікпен құру және дәл қайталап айта білу, қысқаша логикалық сипаттамалық және хабарламалық әңгімелер құра білу.

1.9 Тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіру

Педагогтың міндеті - басқа балалардың жауаптарымен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін білдіру, балалардың шығармашылық бастамаларын ынталандыру. Шығарма туралы балалардың пікірін ескеру, қажет болған жағдайда, оған түзету жасау, баланың адамгершілік әлеуетін қалыптастыру.

1.10 Драма элементтерін қолдану

Таныс емес аудиторияның алдында (мерекеде, ересектердің және басқа топтардың қатысуымен) сөз сөйлей білуге тәрбиелеу. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты драмалау-ойындарында қайталау әлеуметтік тәжірибені байыта түседі. Педагог рөлдерді үлестіреді, рөл бойынша әрекет етуге, ойды үйлестіре білуге үйретеді. Өзара әрекеттің тілдік құралдарын меңгеруге ықпал етеді. Сомдалатын кейіпкердің мінезін белгілі бір жағдайлардағы әрекеттер мен мәнерлі үлгілердің (дауыс ырғағы, ым-ишара және т.б.) көмегімен бере білу.

2- бөлім. Оқылым

2.1. Сұрақтар қоя білу және жауап беру шығарманың басты идеясын түсінуге көмектеседі, басты кейіпкерлерді дәлірек сипаттайды. Педагог балаларға сәйкесті эпизодтарды еске түсіріп, кейіпкердің әрекетін, сөздері мен сөз тіркестеріне назарын аударады.

Педагогтың әңгімесі сипаттамалық жауаптары (нысандар, әрекеттер, пейзаждар) бар сұрақтарды қамтуы қажет. Ойластырылған-жауаптарды, дәлелдеулерді қажет ететін сұрақтар ең үлкен топты құрайды. Шығарма бойынша сұрақтар саны 5-7 аспауы қажет.

2.2 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу (суреттер, иллюстрациялар, Интернет, мультфильмдер, ертегілер, ойыншықтар және т.б.)

Өнердің бір түрі ретінде балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын қалыптастыру, сауатты оқырман тәрбиелеу қажет. Мұнда қазіргі әдеби шығармаларды енгізу есебінен, қазақстандық авторлардың шығармаларымен таныстыру арқылы балалардың оқу аясын кеңейту көзделеді. Әдетте, оқулар әртүрлі көрнекі материалдар: ертегі иллюстрацияларын, фотосуреттер мен мазмұндық суреттерді көрсетумен сүйемелденеді.

Барлық балаларға үлестірмелі материалдарды: таныс мәтіндері бар бірдей кітаптарды тарата отырып, бірнеше сабақ өткізу ұсынылады. Педагогтың басшылығымен кітаптар қарастырылады. Сонымен қатар бірнеше сөзді (бет, парақ, мұқаба, автор, атауы, иллюстрация, жол, оң жақ және сол жақ беті) жандандыруға болады. Кітаппен қарым-қатынас ережелері бекітіледі.

3- бөлім. Жазылым

3.1. Ақпаратты түрлі формада ұсыну. Абстрактілік түсініктерді (дыбыс, сөз, мәтін, сөйлем, кейіпкер) балаға түсіндіру баланың тілдік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, онымен тәжірибеде әрекет жасауға үйретеді. Көрнекі түрде үлгілеу мынадай кезеңдерден тұрады:

- ақпараттарды графикалық тәсілдер арқылы берумен таныстыру;
- үлгідегі таңбаларды оқу дағдысын қалыптастыру;
- өз бетінше үлгілеу дағыларын қалыптастыру.

Шартты түрде әртүрлі сипаттағы таңбалармен (геометриялық пішіндер; заттардың символдық бейнелерімен (шартты белгілер, силуэттер, контурлар, пиктограммалар); сұлбалық және заттық суреттермен алмастыруға болады.

«Сауаттылық негіздері және жазу» сабағының мазмұны

*1-бөлім. Тыңдалым және айтылым***.** Сөздікті байыту және нақтылау жұмыстарын жалғастыру: сөздің мағынасын түсіндіру, сөздердің мағынасын нақтылауға арналған жаттығулар.

1.1 Сөздердің дыбысталу формаларын ажырату. Педагог сабақта тілдегі дыбыстарды және олардың әріппен белгілену әдістерін практикалық тұрғыда үйретуге көп көңіл бөледі. Балалар әріптердің бейнесін біртіндеп еске сақтайды, олардың әрқайсысын белгілі бір дыбыспен жалғастыра отырып, сөз құрауға үйренеді, жазба тілдегі сөз бен сөйлемді ауызша тілдегі сәйкес сөздер және фразалармен салыстырады. Балаларды сауаттылық негіздеріне оқыту тіл дамытумен, сөздің мағынасын нақтылаумен және тілдің дыбыстық-буындық құрылымымен тығыз байланысты.

1.2 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну. Балаларды сөйлеммен және сөзбен таныстыру арқылы баланың «сөйлем», «сөз» терминдерінің мәнін практикалық тұрғыда меңгертуді қарастырады, алайда, педагог бұл терминдерге грамматикалық анықтама бермейді. Сөздердің, негізінен, өзіндік орналасу тәртібі болады (Көбелек пырылдайды). Мұнда бастауыш баяндауыштың алдында тұр. Сөздері кері ретпен орналасқан сөйлемдер арқылы да беруге болады. (Жақында күз түседі. Шөптер солады.). Талдау жасау үшін бірте-бірте сұраулы (Қоян қайда қашты?) және қозғалысқа келтіретін (Ұш, менің ұшағым.) сөйлемдерді енгізуге болады.

1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау. Балалардың диалогтық және монологтық тілін дамытуға ықпал ететін тілдік орта құру: балаларға әңгімелеп беру және оқу; мәнерлеп оқу; қайталап айту.

1.4 Түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына тілдік нормаларды сақтай отырып қатысу. Шығармашылық әрекет дағдыларын қалыптастыру: ересектердің көмегімен әңгімені жалғастыру және аяқтау.

Балалардың бір-бірімен тілдесуіне түрткі болу. Диалогтық тілді дамытуға ықпал ететін әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану. «Сөз», «дыбыс», «дауысты» және «дауыссыз» ұғымдары туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Сөздегі дыбыстардың ретін үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге арналған жаттығулар. Үш, төрт дыбысты сөздердердің дыбыстық құрылымына дыбыстық талдау жасауға, айтылым ерекшеліктеріне және дыбыстың дыбысталуына талдау жасауға (еріннің, тілдің, тістің жағдайына, дауыстың қатысуына, ауа ағынының өтуіне) үйрету. «Сөйлем» ұғымымен таныстыру. Сөйлем туралы алғашқы түсінік қалыптастыру.

1.5. Тыңдаушының назарын аудару Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге, монологтық ойларын дұрыс құруға, бірізділікпен және дәл қайталауға, қысқаша сипаттық және хабарлы әңгімелер құруға үйрету. Тілдік әдеп түрлерін қолдану, таныс емес аудиторияның алдында сөз сөйлеу, тыңдаушының назарын аудару дағдыларын қалыптастыру. Үш және одан да көп әртүрлі дыбыстық құрылымы бар дыбыстық сөздерге талдау жасау, дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасау, оларды текшелермен белгілеу.

2-бөлім. Оқылым Көркем әдебиетке қызығушылығы дамытылады, шығарманың идеясын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға және мәнерлеп сөйлеуге үйрету. Бала әдеби жанрларды: ертегі, әңгіме, тақпақты ажырата білуі қажет.

2.1 Оқу түрлерін қолдану. Таныс жазушының әрбір жаңа шығармасын оның шығармашылығының бір бөлігі ретінде балалардың қабылдауы, басқа шығармаларының аты мен мазмұнын еске түсіруі, өзіне ерекше ұнайтын шығарманың атын атауы маңызды.

2.2 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу Жазушының кітаптарын іріктеу, балаларға оларды қарастыру ұсынылады. Қарастыру барысында балалар бұрын оқылған шығармаларды еске түсіреді, суреттері бойынша өз әсерлерімен алмасады. Таныс емес кітап кездескен жағдайда, бала оның иллюстрациясына, бетіндегі мәтіндердің орналасуына мән беріп, шығарманың жанрын, не туралы екендігін анықтауға тырысады, өз пікірін тұжырымдайды. Балалар қабылдайтын күнделікті ақпараттар ағыны өте көп. Сондықтан, олар шығарма атауын, автор мен көркемдеуші-суретшінің аты-жөнін тез ұмытып қалады. Осы жағдайларды ескере отырып, педагог өтілген материалдарды қайталаудан бастауы қажет.

3-бөлім. Жазылым Жазу кезінде дұрыс отырғызу, дәптердің, қолдың және қарындаштың орындарымен таныстыру. Қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Қысқа, ұзын таяқшаларды, ирек сызықтарды жазуға жаттықтыра отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бояу жағу әдістерін, парақ бетінде бағдарлай білу, кеңістіктік қатынасты меңгеру білігін бекіту.

3.1. Сөйлем құрастыру балаларды сөйлеммен және сөзбен таныстыру арқылы баланың «сөйлем», «сөз» терминдерінің мәнін практикалық тұрғыда меңгертуді қарастырады, алайда, педагог бұл терминдерге грамматикалық

анықтама бермейді.Мектепалды даярлық кезеңіндегі балалар өз сөздеріне талдау жасауға кіріседі, сөйлемнің сөзден тұратынын, сөздердің буынға бөлінетінін, сондай-ақ жеке дыбыстардан құралатынын меңгереді.Жыл соңына қарай балалар үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдауды, дауысты, қатаң және ұяң дыбыстарды ажырата білуді, ашық дауысты дыбысты табуды, 2-3 буыннан тұратын сөздерді буынға бөлуді, 2-4 сөзден тұратын сөйлем құруды меңгеріп шығады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға сөздерді буынға бөлуді үйреткенде, педагог мынадай тәсілмен таныстырады: алақанды иектің астына қояды және сөзді айтады, алақан қанша рет төмен түскен болса, сөзде сонша *буын* болғаны.

Буынға бөлуге алғашқыда құрамы екі буыннан тұратын ша-на, та-ға, ба-қа, ал-ша, ке-се сияқты сөздерді іріктеп алу қажет.Содан кейін мы-сық, а-сық, бә-тең-ке, жа-пы-рақ сияқты сөздерді ұсынуға болады. Сөздерге дыбыстық талдау дағдысын қалыптастыру үшін бастапқы және соңғы дыбыстары әртүрлі сөздерді іріктеп, оларды анықтайтын ойын және қызықты жаттығулар түрлерін орындау қажет.

Буынға бөлуге байланысты пайдалы және қызықты жұмыстардың түрі - санамақты буынға бөліп айту. Қимылдық ойындар, қойылымдар үдерісінде балаларға осындай жұмыстар (балалар сәйкесті қимылдарды орындай отырып, санамақ айтады) қатты ұнайды.Алғашқы жарты жылдықта үш дыбысты сөздерге, екінші жарты жылдықтан бастап, төрт дыбысты сөздерге талдау жасау ұсынылады.

Сөйлемдермен жұмыс тілдегі сөйлемдерді айқындаудан басталады. Педагог «сөйлем дегеніміз аяқталған ойды білдіретінін» түсіндіреді. Балаларды есту арқылы әңгімедегі сөйлем санын (олар 3 тен аспауы қажет) анықтауға үйретеді. Берілген тақырып бойынша ересектердің көмегімен сөйлем мен әңгіменің соңын ойластыру арқылы шығармашылық әрекеттер дағдысын қалыптастырады. Әңгіме құруға үйреткенде, педагог әңгіменің өзіндік үлгісін ұсынуы мүмкін. Бұл жастағы балалар әңгіме жоспарын құруы және осы жоспарды ұстана отырып, өз сөзінде жай сөйлемді, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануы мүмкін. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, байланысқан монологтық ойларды құру, қайталап бірізділікпен және дәл айту, сипаттамалық және хабарламалық қысқаша әңгімелерді логикалық түрде құрылымдай білу.

3.2 Пунктуациялық нормаларды сақтау

Берілген тыныс белгілерін қолдана отырып, белгілі бір сызба бойынша сөйлем құру дағдыларын алу. Пунктуацияға үйрету барысында ойды түйіндеу және интонациямен жұмысты жүзеге асыру үшін, жұмыс дәптерінде әртүрлі тыныс белгілері беріледі.

*3.3 Графикалық және каллиграфикалық нормаларды сақтау*Жазуды үйретуге дайындық жүйесінің өзі қолды дамыту, жазу техникасына даярлық және қарапайым графикалық біліктерді қамтиды.

Баланың жаза білу білігіне заттардың шартты графикалық бейнесіне талдау және жаңасын жасай білуі, мектептік қаріптер жазуға даярлайтын

жаттығулар жүргізу («Ұзын және қысқа таяқшалар», «Жоғары және төменгі жағы ұзын және қысқа ілмектер», «Дөңгелектер», «Иректер» және т.б.) жатады.

Тік сызықтардың (сөз) және белгілердің (нүкте, леп және сұрақ белгілері) көмегімен сөйлемнің сызбалық бейнесін құру.

Балалар қысқа сөздерді (қосымша сөздер, одағай, шылау, есімдік) үлгілерде неғұрлым қысқа сызықтармен белгілеу. Жеке сөздерді белгілейтін сызықтардың ара қашықтығы бір тордан (үлгілер тор көзді парақта бейнеленеді).

«Қазақ тілі» (екінші тіл ретінде)
Орыс тілінде тәрбиеленетін және оқытылатын сыныптардағы қазақ тілі /қазақ тілінде тәрбиеленетін және оқытылатын сыныптардағы орыс тілі

Қазақ тілі (орыс тілінде тәрбиеленетін және оқытылатын сыныптарда)

Мақсат: балалардың дұрыс ауызекі сөйлеу тілін, лексикалық базасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- балаларда ақпаратпен алмасу және қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін үйренуге деген қалыпты қызығушылығын дамыту;
- лексикалық тақырыптар бойынша балалардың сөздік қорын қалыптастыру және дамыту;
-ауызекі сөйлеу тілінде грамматикалық құрылымдар мен формаларды дұрыс қолдану біліктерін қалыптастыру;
- тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамыту;
- баланы өздігінен қазақ тілінде коммуникациялық міндеттерді шешуге түрткі болатын жағдайлар жасау.

«Қазақ тілі» (екінші тіл ретінде) сабағының мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған.

Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде реттілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогқа өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға көмектеседі.

«Қазақ тілі» сабағының мазмұны

1. Тыңдалым

1.1 Дұрыс дыбыстауды қалыптастыру.

Балаларды қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды (ә, і, ө, ң, қ, ү, ұ, h) дұрыс айтуға үйрету. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсіну және қолдану білігін қалыптастыру. Сөзіндегі сөздік қорын кеңейту және байыту. Жақын айналасындағы заттардың топтарын: ойыншық, ыдыс, жиһаз; көкөніс, жемістер, жануарлар, құстар, жыл мезгілдері және жеке табиғат құбылыстары; көлемі және түстері бойынша заттардың белгілерін атауға үйрету.

1.2 Тыңдалым тәсілдерін қолдану. Тілдік тынысын, анық мақамын дамыту. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуын дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Екі, үш сөзден тұратын сөйлем құруға үйрету.

1.3 Лексикалық бірліктердің мағынасын түсіну. Сөз тіркестерін (зат есім мен сын есім, зат есім мен етістік, зат есім мен үстеу) құру мен тілінде жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді қолдануға үйрету.

1.4 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну. Қарапайым диалог (Бұл не? Жылдың қай мезгілі?) жүргізуге және қысқа әңгімелер құрастыруға жаттығу. Қазақ тіліндегі тақпақтар, мақалдар мен мәтелдер жаттау.

1.5 Дыбыс-бейне жазба материалдар мазмұнын түсіну

Қазақ тілінде тыңдау және түсіну біліктерін қалыптастыру. Тілінде қазақы сөздер мен сөз өрнектерін қолдануға, мемлекеттік тілде сөздерді анық айтуға үйрету. Мынау не? Неше? Не істеді? Қайда? Қандай?) деген қарапайым сұрақтар қоюға, (оларға жауап беруге); екі, үш сөйлемнен тұратын заттарға қысқаша сипаттама құруға (ойыншықтар, ыдыстар, киімдер және т.с.с.); өзі туралы (тегі, аты, жасы), ата-аналары туралы және үйінің мекен-жайы туралы әңгімелеу.

Ағылшын тілі

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы баланы ағылшын тілі құралдарымен тәрбиелеу және коммуникативтік тұлғасын дамыту, ағылшын тілі арқылы шетел тілінде қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту.

Міндеттері:

-жекелеген фразаларды, одан кейін сөздерді ажырату, бөліп алу, қарым-қатынас кезінде оларды қолдану және ағылшын тіліндегі фразаларды өз бетімен құрастыра білу дағдысын қалыптастыру;

-бала тұлғасының, санасының дамуы әрекеттер арқылы жүретінін бекітетін «әрекеттердің, сананың және тұлғаның бірлігі» (teaching a whole child) ұстанымын қалыптастыру;

- балалардың өзіндік және бірлескен әрекеттерінде (ойын, танымдық, өнімді, театрландырылған) ағылшын тілін қолдану аясын кеңейту;

-ерекше құралдар: ойындар, санамақтар, тақпақтар, өлеңдер, оқиғалар, дисклер, бейне және аудио таспалары бар, ағылшын тілі қолданылатын кеңістікті ұйымдастыратын, білім беруге жағдай жасайтын тілдік дамытушы орта құру.

«Ағылшын тілі» сабағының мазмұны

Тілдесу жағдайларын «көре білу», қатысушы тұлғаларды және олардың бір-бірімен қарым-қатынасын айқындау қабілеттерін қалыптастыру.

Шетел тіліндегі тілді түсінуін және үлгілік әдеп жағдайларында: топтық (сыныптық) жағдайда, ойын кезінде тілдесе білу білігін дамыту.

Қоршаған әлемдегі түстердің атауын, санды, көлемді, пішінді, сондай-ақ дыбыстың, әннің, оқиғаның, қойылымның көмегімен және затты сипаттай білудің тілдік біліктерін; оқытылған білім беру жағдайларында тілдің лексикалық дағдыларын қалыптастыру.

Тиімді тыңдалымға үйрету. Тыңдауға арналған жаттығуларды қолдану. Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды немесе сөйлеген сөздерді пайдалану.

Әндердің, тақпақтардың, санамақтардың мәтінін шығаруға, айналасындағы заттарды атауға, біртіндеп өзі, отбасы және қоршаған ортасы туралы қарапайым және қысқаша ойлар айтуға, сөзді, ымды пайдалануға үйрету. Төзімділікке, құрметке және сыпайылыққа, сондай-ақ ынтымақтасу қабілеттілігіне тәрбиелеу.

Лексикалық-тақырыптық салалар: түс, көлем, 1-5 арасындағы сандар; отбасы мүшелері; ойыншықтар; жануарлар; дене мүшелері; киімдер; азық-түліктер; ақыл-ой және дене қабілеттері; эмоциялық жағдайы мен сезімдері; күнделікті әрекеттері; салтанаттар мен мерекелер; сиқыр және ертегілер әлемі.

Қатынас жағдайлары мен қызметтер:

-сәлемдесу мен қоштасу (Hello, Hi, Goodbye, See you);

-өтініш пен алғыс (Give me ..., please, Come in, please, Thank you);

-кешірім сұрау мен кешіру (I'm sorry, Excuse me, It's O.K.);

-тілек пен құттықтау (Happy Birthday);

-өзін және басқаларды таныстыру (I'm ....., My name is ...., This is ..., It's my mum);

-жасы туралы ақпарат (I'm…);

-қысқаша бұйрық беру және орындау (jump, clap your hands, open);

-аңдар мен заттардың атауы (It's a tiger, This is a ball);

-тұрғылықты жері туралы ақпарат; адамдар, аңдар және заттар туралы сипаттау (He's tall, It's big, It's blue, It's got a tail);

- санау және 1-ден 10-ға дейінгі сандарды пайдалану;

-тұлғасы мен мүлкіне қатысты қарапайым сұрақтарға жауап беру (Who are you? What's your name? What's this? Who's this? Is it ...? Have you got ...?);

-сезімдері мен артықшылықтарын білдіру (I like..., I love...);

-эмоциялық күйін білдіру (I'm happy, I'm sad);

-сұрақтарға жауап беру;

-дағдылары мен қабілеттері туралы ақпарат (I can jump/I can't fly);

-күнделікті әрекеттерін сипаттау (I get up)

Грамматикалық құрылымдар:

Етістіктер:

- be;
- have got;
- can.
- Бұйрық рай:
- Уақыт Present Simple – күнделікті әрекеттер.

Зат есім:

- атау;
- жекеше түрде;
- жүйелі көпше түрде;

Сын есім:

- түстер, жасы, көлемі;
-тәуелдік сын есім: my, your (his, her);
Сан есім: 1-10.
Есімдік:
- жіктеу есімдігі: I, you, she, he, it, we, they;
- сілтеу есімдігі: this, that;
- сұраулы: what, who, where, when, how;
Көмекші сөздер: in, on.
Артикльдер: a, an, the, нольдік артикль.

English

(for groups /classes with the Kazakh/Russian language of instruction)

Purpose: communicative and personal development and upbringing of preschoolers through foreign language means and development of a foreign language capacity in order to speak English.

Objectives:

- formation of a capability of recognition, distinction of separate phrases, then words and their proper use in conversation and independent phrase building in English;
- formation of the “unity of activity, mind and personality” principle (teaching a whole child), which determines that the child’s personality and mind develops through acting;
- extending the range of using English in collective and individual (play, cognitive, productive, dramatized) activities of children;
- creation of developing language environment understood as a combination of educational situations that arrange the area of use of English, and authentic means, such as games, poems, songs, stories, disks, video- and audiotapes;

Content of Organized Educational Activities: English

Formation of a capability of “seeing” the conversational situation, of distinguishing characters and their relation to each other.

Development of foreign speech understanding and ability to communicate in typical etiquette situations: group (class) practice in play.

Formation of speaking skills: describing things and environments using colours, number, size, shape and through sounds, songs, stories, dramatizations; speaking skills and vocabulary in educational situations previously learnt.

Teaching efficient listening. Use of listening exercises. Use of a record or statement as a phonetic example and intonation.

Teaching how to reproduce lyrics, poems and counting-out rhymes, names of things around and building simple and short statements about the child, child’s family and environment gradually; teaching how to use speech and gestures.

Teaching tolerance, respect and courtesy to other people and cooperating skills.

Vocabulary: colours; numbers 1 to 10; family members; toys; animals; school supplies; class equipment; parts of the body; clothes; food; rooms; household appliances; mental and physical abilities; feelings and emotions; daily routine;

weather; transport means; jobs; holidays and celebrations; magic world and fairy tales.

Situations and communicative functions: greetings and farewells (Hello, Hi, Goodbye, See you); requests and thanks (Give me ..., please, Come in, please, Thank you); apologies and forgiveness (I'm sorry, Excuse me, It's O.K.); wishes and congratulations (Merry Christmas, Happy Birthday); introducing yourself and others (I'm ....., My name is ...., This is ..., It's my mum); age (I'm…); giving and following short orders (jump, clap your hands, open); names of animals and things (It's a tiger, This is a ball); place of living; describing people, animals and things (He's tall, It's big, It's blue, It's got a tail); count and use of numbers from 1 to 10; answering simple questions about person and property (Who are you? What's your name? What's this? Who's this? Is it ...? Have you got ...?); feelings and preferences (I like..., I love...); expressing emotions (I'm happy, I'm sad); answering questions about weather and seasons (It's raining, It's spring); skills and abilities (I can jump/I can't fly); describing daily routine (I get up).

Grammar Structures:

Verbs:

- be;
- have got;
- can.

imperative mood:

- Present Simple Tense – daily routine.

Nouns:

- names;
- singulars;
- regular plurals;

Adjectives:

- colours, age, size;
- possessive adjectives: my, your (his, her);

Numerals: 1-10.

Pronouns:

- personal: I, you, she, he, it, we, they;
- demonstrative: this, that;
- interrogative: what, who, where, when, how;

Prepositions: in, on.

Articles: a, an, the, zero article.

«ТАНЫМ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

6-7 жастағы балаларға қарапайым математикалық ұғымдарды үйретудің маңызы зор. Мұның өзі бірнеше себептерге байланысты: мектепте оқытудың алты жастан басталуы, бала алатын ақпараттың молдығы, компьютерлендіруге көбірек көңіл бөліну, оқыту үдерісін жеделдету ынтасы.

Сабақтың басым бөлігі математикалық міндеттер және балалар әрекеттерінің басқа да түрлерімен құрамдасқан кіріктірілген сипатқа ие.

Мектепалды даярлық сыныбында қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыратын сабақтарға аптасына 1,5 сағат бөлінген, олардың әрқайсысының ұзақтығы 25-30 минут құрайды. Сабақ барысында ойлауға түсетін салмақ түсіретін жүктемені дұрыс бөлуді, сабақ ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін дұрыс алмастыруды қамтамасыз ететін сабақтың жекелеген бөлімдерін өзара байланыстыру маңызды.

Сабақ құрылымының нұсқалары

1.Балаларды жаңа тақырыпқа енгізу мақсатындағы қайталау - 2-4 минут.

2.Жаңа материалды қарастыру - 15-18 минут.

3.Бұрын меңгерілген материалды қайталау - 4-7 минут.

«Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» сабағының мазмұны

1-бөлім. Кеңістікте бағдарлау

1.1.Заттардың кеңістікте орналасуы. Педагогтың жетекшілігімен балалар көрсетілген бағытта заттардың белгілі бір санын орналастыра білуді меңгереді: парақтың жоғары, төменгі бөлігінде, сол жағында, оң жағында. Заттардың қағаз парақта, үстелде, едендегі орнын белгілейтін сөздерді мағынасы бойынша дұрыс қолдануға үйрету. 6-7 жастағы балалар заттардыңарасындағы қозғалыс бағыттарын еркін бағдарлай алуы қажет. Жазықтықта бағдарлай білудің маңызы зор. Барлық жұмыстар қарама – қайшылықты көрсететін түсініктер негізінде құрылуы тиіс: «солға-оңға», «алға-артқа». Әсіресе, кеңістікте бағдарлауды балалардың әрекеттері арқылы қамтамасыз еткен дұрыс. Олар бағытты және заттар арасындағы қатынасын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар көрсетілген бағытта қозғалуы, заттарды орналастыруы және ауыстыруы тиіс. Айқындалған кеңістіктік байланыстар мен қатынастар келесі қосымша сөздер және сөйлемдер арқылы баланың сөйлегенде тілінен көрініс табуы тиіс: *да, де, астында, үстінде, алдында, артында, алды, арты, жоғарыда, төменде, жоғары, төмен, қасында, бірінен соң бірі, арасында, қарсысында, сол жағында, оң жағында*.

2-бөлім. Саны және санау

Балаларды санауға үйрету жалғасын табады, 10 көлеміндегі сандық және реттік сан есімдерді қолдану білігін бекіту. Мектепалды жас кезеңіндегі балалар

заттарды санайды, әртүрлі заттардың санын анықтайды, қайсысы көп (аз) немесе тең екенін салыстырады, сондай-ақ заттардың көлемі мен ауданына назар аудармай-ақ жиынтықты санау, бір-бірімен салыстыру, көзбен анықтау немесе санын салыстыру тәсілдерін қолданады.

2.1 Заттарды санау. Сандар арасындағы байланысты қалыптастыру жалғасын табады: әрбір келесі сан алдыңғысынан артық, ал алдыңғысы келесісінен кем болатынын түсінуі. Бір түрге жататын заттар тобын шағын топтарға (шағын жиынтыққа) бөледі және бір-бірімен салыстырады («Биік шырша көппе немесе аласа шырша көппе?»), заттар тобын оның бөліктерімен («Қайсысы артық: қызыл шаршы ма немесе бірге алғандағы қызыл және көк шаршы көппе?») салыстырады. Балалардың қанша затқа қанша қосылғанын немесе алынғанын айтып отырғаны дұрыс.

2.2 Жиын және логика элементтері

Санау және өлшеу дағдыларын бекіту барысында балалар жекелеген заттарды санаумен қатар, сондай-ақ бірыңғай заттардан тұратын топтарды санауға да жаттығады. Алғашқыда олар көрнекі түрдегі сандық қатынастарды айқындауға, санның мәндерін көрсетуге көмектеседі және олардың арасындағы байланысы мен қатынасын ашады.

Соңынан сандық қатынасты белгілеу құралдары («тең», «артық», «кем») санау және сандарды салыстыру көбейген кезде, практикалық тұрғыда салыстыру тәсілдерін тексеру, дәлелдеу құралдары ретінде қолданылады. Аралас сандардың өзара байланысы туралы өз тұжырымдарын дәлелдей отырып, заттар тобын практикалық салыстыру тәсілдерін өз бетінше қолдана білуді үйренудің маңызы зор.

Топтағы заттар мен топ саны арасында үнемі өзара байланыс орнату қажет. Топтардың саны артқанда - топтағы заттардың саны кемитінін, топтардың саны кемігенде - оның әрқайсысындағы заттардың саны артатынын балалар көре білуі (заттардың жалпы саны өзгермеген жағдайда) қажет.

2.3 Тізбектер. Балалардың жыл мазгілдерінің, апта күндерінің реті туралы түсінігін бекіту жалғасын табады. Мектепалды даярлық тобында таңертегілік, күндіз, кеш, түн, апта, ай сияқты уақыт кезеңдері туралы түсініктері мен олардың атаулары еске сақталып, бекітіледі. Уақыт эталондары туралы білімін, уақыт қатынастары туралы біліктерін бекіту балалардың өтіп жатқан оқиғалардың бірізділігін, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды сезінуге ықпал етеді. Уақыт туралы түсініктер (таңертең, күндіз, түс, кешқұрым, түн; бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні) қалыптастыру. Тәулік мезгілдері таңертең, күндіз, кешқұрым, түн туралы түсінік қалыптастыру. Тілінде мынадай: басында, сонан соң, оған дейін, соңынан, ертерек, кешірек, сол уақытта деген сөз-ұғымдарды қолдана білуге үйрету.

Балалардың 1-ден 10-ға дейін тура және кері қарай шапшаң және сенімді түрде санай білуге үйренуі, яғни алғашқы 10 натурал санның ретін мықты меңгеруі маңызды. Бұл үшін көрнекі материалдарға сүйенбей-ақ, әртүрлі жаттығулар жасаудың өзі санауға ықпал етеді. («1 ден 10 ға дейін сана. Кері

қарай сана. 5 ке дейінгі қандай сан? Ал 5 тен кейін қандай сан және т.с.с.). Педагог балалардың киінуге немесе шешінуге, сурет салуға, ойнауға қанша уақыт жұмсайтынын, сабақ соңына дейін қанша минут қалғанын назарда ұстауы қажет. Қанша уақыт қалғанын үнемі көрсетіп отыруы қажет, уақытында бітіргендерін ынталандырып отырады. Балалардың уақытты сезінуі, неғұрлым ұйымшыл, тәртіптірек болуына көмектеседі.

2.4 Шамалар. Балаларды шартты өлшемдер арқылы заттың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеуге және салыстыруға үйрету. Уақыт туралы түсініктерді: бүгін, кеше, ертең, бүрсүгіні; тәулік бөліктерін білу. Жыл ішіндегі айдағы/ аптадағы күндер санын білу. Дидактикалық ойындар мен «Апта күндері», «Жалғастыр!», «Керісінше» ойындық жаттығулары кеңінен қолданылады. Балалар педагог бастаған сөз тіркестеріне қарама-қарсы мағынадағы (таң-кеш, басында-соңында, жай-ақырын) сөздерді тауып толықтырады, қайсысы ұзақ болатынын анықтайды: күн немесе аптама, аптама немесе айма, айма немесе жылма. Мектепалды жас кезеңіндегі балаларды ағымдағы ай атауымен таныстырады. Олар ай атауларын, олардың ретін біртіндеп еске сақтайды. С. Я. Маршактың «Он екі ай» кітабын оқу арқылы шапшаң жаттап алуға ықпал етеді.

Шартты өлшемдер арқылы затты ұзындығы мен салмағы бойынша салыстыру. Дүкенде қолданылатын салмақ туралы түсінік қалыптастыру. Өлшемдерді салыстыру, дербес түрде емес, заттардың басқа қасиеттерімен (олардың қолданылуы, бөліктері, түсі, материалы) қарастыру жүйесінде бірге жүзеге асады. Бұл балалардың ақыл ойының айтарлықтай дамуына ықпал етеді. Олар сызықтық өлшемдерді салыстыру тәсілдерін, әрекеттердің бағдарлық тәсілдерінің (қабаттау, жапсыру) арасындағы байланыстарды құра білуі және сәйкесті белгісімен, өлшемдердің дәл сандық сипатын қолдана білуі қажет. Осы өлшемдер қарапайым математикалық әрекеттердің нысаны болмақ. Балалар олардың қасиеттері туралы алғашқы түсініктерге ие болады. 6-7 жастағы балалар өлшемдерді жанама бағалаудан, оларды өлшеу арқылы алынатын, неғұрлым дәл сандық сипаттауға қол жеткізеді. Өлшеу үдерісінде өлшем бірліктер жеке бөліктердің әрқайсысы тең болатын өлшемдік шамалардан (ұзындық, көлем) тұрады. Өлшеу нәтижесінде алынған сан бөлшектің бүтінге қатынасын көрсетеді. Балалар өлшеу арқылы санның салыстырмалылығы таңдалған шамаға тәуелділігін түсінеді.

3-бөлім. Геометриялық фигуралар

3.1 Фигуралар мен денелер. Геометриялық фигуралар туралы балалардың түсініктерін тереңдету және кеңейту жалғасын табады. Математикада геометриялық фигуралардың саны көп. Қарапайым геометриялық фигураларды білу және оқып үйрену ойлауды, логиканы, зейін мен еске сақтауды жақсартады.

Балаларға фигуралар мен денелерді ажыратуды ғана емес, сондай-ақ оларды жасай білуді де үйрету қажет. Математикада жазық фигуралармен қатар, сондай-ақ шар, конус, тетраэдр, текше, цилиндр, паралелепипед және пирамида сияқты көлемді фигуралар да оқытылады. Жазық фигуралар мен көлемді

фигуралар мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңдерінде оқытылады. Балалар негізгі геометриялық фигураларды қиналмай ажыратуы және оларды дұрыс атай білуі қажет.

Балалар басқа белгілеріне алаңдамай-ақ, фигураларды бір белгісіне бағдарлай отырып топтастырады. Олардың назар аудару, жинақтау қабілеттері дамиды. Мысалы, басында фигураларды 2 үлкен топқа - дөңгелек пішінділерге және көпбұрыштарға бөлу арқылы топтастыра отырып, балалардың пішін туралы білімдерін жүйелеу тиімді. Балаларға мынадай тапсырма ұсынған пайдалы: «Қай фигура артық екенін табыңыз. Фигураларды таңдағанда қандай қателік жіберілді?» (6 үшбұрыштың ішіндегі, қатарға орналасатырылған, 1 төртбұрыштағы) «Қандай фигура жетіспейді?» (үшбұрыштар, сопақ пішіндегі фигуралар, қатарластырылған 3-4 өлшемді тікбұрыштар, әрбір қатарға бір түрдегі фигураларды көлемі үлкенінен бастап, кішірею немесе көлемінің өсу ретімен орналастырылады, соңғы қатарда 1 фигура жетіспейді).

3.2 Фигуралардың өзара орналасуы. Геометриялық фигуралар мен денелерді ажырата білу мен атап көрсетуге жаттығу; бірнеше үшбұрыштан бір көпбұрыш, бірнеше кіші шаршыдан бір үлкен төртбұрыш; шеңбер бөліктерінен шеңбер, төрт бөліктен төртбұрыш шығару, екі қысқа кесіндіден бір ұзын кесінді жасау; ауызша сипаты және көрсетуі бойынша фигуралар құрастыру. Бірнеше геометриялық фигурадан бір бүтінін құрастыру балалардың логикасын дамытады, мысалы, екі үшбұрыштан шаршы немесе ромб шығару, шаршыны үшбұрыш түрінде беттестіру, фигураларды бір-бірінің үстіне қою арқылы жұлдыз шығару.

Балаларды қарапайым басқатырғыш-есептермен таныстыру. Фигуралардың көлемін (үлкен-кішілігіне қарай өсу ретімен орналастыру), олардың түсін (түсі және реңі бойынша сұрыптау) салыстыру, берілген фигураларды беттестіру (үшбұрыштан және шаршыдан үйшік, үшбұрыштан шырша құрастыру) арқылы белгісіз нысандар шығаруға тапсырмалар ұсыну балалардың ойлауын дамытады. Фигураларды қос-қостан жұптап салыстыру, сипап-сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік береді. Білімді бекіту және нақтылау үшін, фигуралар шығаратын әртүрлі нұсқадағы тапсырмалар беріледі. Балалар қағаздан жазық фигуралар қияды, көлемді фигураларды ермексаздан мүсіндейді, қайтадан өзгертіп, басқасын шығарады.

4-бөлім. Математикалық модельдеу

6-7 жастағы балалар заттардың саны, пішіні және көлемі туралы кең көлемді білімді игеруі, кеңістік (2- және 3 өлшемде) және уақыт бойынша бағдарлай білуді үйренуі қажет.

1.1 Математикалық тіл және математикалық модель. Балалардың математикалық білімге тұрақты қызығушылығына, оны қолдана білуге және оларға өз бетімен қол жеткізуге тәрбиелеу. Өз бетінше ойлауын, кеңістіктік елесететі білуін дамыту өте маңызды. «+» таңбасын заттар тобының бірігуі және «-» таңбасын заттар тобынан азайту ұғымы арқылы түсіну және қолдану. Математикалық ұғымдарды қалыптастыратын дидактикалық ойындарды

шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады: цифрлар мен сандармен ойын; уақытпен саяхаттау ойындары; кеңістікте бағдарлайтын ойындар; геометриялық фигуралар мен ойындар; логикалық ойлайтын ойындар.

Алдымен қосу есептеріне үйретуден бастау және содан кейін азайту есептеріне көшу қажет. Балалар қосуға берілген есептерде «+» белгісімен, азайтуға берілген есептерде – «-» белгісімен (карточкаларды қолдан арқылы) таныстырылады.

Әрбір есеп мазмұнында дойбы немесе ең қарапайым басқатырғыш сияқты логикалық жаттығуларға, сондай-ақ көңіл көтеретін ойын элементтері туралы математикалық материалдарға басымдық беріледі.

«Құрастыру» сабағының мазмұны

Балалардың құрастырмалары түрлі материалдардан (қағаз, картон, ағаш, арнайы құрылыс жиынтықтары мен конструкторлар) түрлі ойын бұйымдарын (ойыншықтар, құрылыстар) жасау болып табылады.

Балалардың негізгі құрастырма түрлері – бұл әрқайсысы өзіндік ерекшелікке ие және жетекшілік атқаруда сараланған тәсілді талап ететін бейнелеу және техникалық құрастырмалар.

1-бөлім. Материалдар және қауіпсіздік

1. 1. Материалдарды зерделеу

Осы жас кезеңінде балалар үшін олардың өз жұмысын жоспарлай білуіне ерекше талаптар қойылады. Олар жұмысты орындаудан бұрын, құрылыстың қандай болатынын ойластыруы және материалды таңдауы қажет.

Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Құрылыс материалдарынан құрастыру әрекетін ұйымдастыру арқылы педагог адамдарды, жануарларды, өсімдіктер мен көлікті бейнелейтін түрлі ұсақ ойыншықтарды қолданады.

Табиғи және жасанды материалдардың қасиетін атау. Мектепалды даярлық сыныптарында табиғи және жасанды материалдар кеңінен қолданылады. Балаларға әртүрлі сұрыптағы қағаздар беріледі: тығыз, жазу, жылтыр, жартылай ватман, жұқа картон. Табиғи материалдардың әртүрлері (бүршік, сабақ, тұқым, жапырақ) мен дайындау жеңілдігі балалармен жұмыста кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Жақсылап жуылып, кептірілген жемістердің (қара өрік, сары өрік, сабдалы) сүйектері мен бұршақты, шемішкені, күрішті, бидайды және т.б. қолдануға болады. Материалдың әрбір түрі қорапта немесе қалтада сақталады. Бұйымдарды жасауда қосымша материалдар: қағаз, картон, ермексаз, сым, сіріңке, желім және пышақ, қайшы, біз, ине қолданылады.

1. 2. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті

Материалдармен және құралдармен жұмыс барысында техника қауіпсіздігі ережелерін орындау. Құрылыс материалдарын олардың әрбір бөлшегіне арналған бөліктері бар арнайы шкафта сақтау, сондай-ақ онда материалды балалар кез-келгенін жылдам тауып алу үшін пішіндері бойынша орналастыру.

Еңбек пен шығармашылыққа арналған қадалғыш және кескіш құралдарды дұрыс қолдану. Жұмыс барысында құралдарды, жұмыс орнын ретке келтіру. Балаларды құрылыс бөлшектерімен, бөлшектердің қозғалатын және

қозғалмайтын бірігуімен таныстыру, құралдармен қалай жұмыс істеуді көрсету және еңбек қауіпсіздігі ережелері туралы айту, суреттерден бөлшекті табуды, бұрандама мен сомындардың көмегімен бекітуді үйрету. Конструктор әр балаға беріледі. Педагог оған не үшін қамқорлықпен қарауды түсіндіреді.

Ұжымдық әрекеттің рөлі артады, осыған байланысты балалардың бойында міндеттер бөлінісін қалыптастыруға, жалпы жұмысты жоспарлауға және жалпы оймен құрастыруға көп талаптар қойылады. Өздігінен құрастыру әрекеті балаға өзінің тәжірибесін және құрбыларының тәжірибесін шығармашылықпен қолдану мүмкіндігін, өз қимылдарын талдай білуді игеруді береді. Бірге жұмыс істей отырып балалар бір-бірінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін байқайды, бір-біріне көмекке береді. Олар егер жолдасы жұмысты жақсы орындаса, бірақ құрылыс материалдарын шашып немесе құрастыру бөлшектерін жоғалтып алған болса, оған жағымды баға беруге болмайтынын, ұялшақ және баяу құрдасының құрылысын көп сынауға болмайтынын түсінуі керек.

2-бөлім. Жасау және дайындау

2. 1. Құрастыру техникалары мен тәсілдері

Моделдеуді, құрастыруды және құрастыру бөлшектерін ажырата білуге үйреті, берілген тақырып, жағдай, сурет, фотосуреттер бойынша сөзбен сипаттама беріп, оларды құрастыруға үйрету.

Жаңа құрылымдық шеберліктерді үйрету: шағын жалпақ бөліктерді бір үлкеніне қосу, құрылыстарды мықты, биік етіп жасау. Бір құрылымның түрлі көлемдегі нұсқаларын және ұжымдық құрылыстарды (қала көшелері, зообақ, теңіз порты) жасау дағдыларын қалыптастыру.

Ұжымдық сюжеттік құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлау мен қиялдауды дамыту. Қағаздан құрастыру тәсілдерін (жарты шеңберді конусқа орау, тікбұрышты целиндрге айналдыру, квадратты кубқа айналдыру, өру) қолдана отырып, жазық материалды көлемді пішінге айналдары білуді бекіту.

3-бөлім. Шығармашылық және таныстырылым

3. 1. Шығармашылық. Дайын үлгі, қарапайым сызба бойынша жұмыс жасай білу, контур бойынша ою мен тілуге қайшыны қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Түрлі материалдардан өз ойы бойынша құрастырма жасау. Сіріңке қораптарынан түрліше үйлестіріп, бұйымдар құрастыруды қалыптастыру. Балалар дайын жұмыстарды талдау барысында, өзінің қандай зат жасағаны туралы (бұл педагогтың ұсынған шартына сәйкес келеді ме, не үшін басқа бөлшектерді емес, осы бөлшектерді қолданды, неге ғимарат осылайша безендірілді) айтуы қажет.

Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс дағдыларын жетілдіру: шығармашылық қиялының пайда болуы, бұйымды өзіндік елетестуіне қарай жасай білуі.

«Жаратылыстану және экология негіздері» сабағының мазмұны

Экологиялық тәрбие бойынша балалармен жұмыс істеу кіріктіру тәсілі негізінде іске асырылады. Мектепалды даярлықта жаратылыстану және экология негіздері сабақтарын жүргізуде, табиғаттың пайдалы әсерін жүйелі түрде педагогтың балаға әсерімен ұштастыру қажет. Ол үшін баламен жасалатын жұмыстарды алдына ала жоспарлап жүргізу қажет. Табиғаттың әсерінен баланың шығармашылық ойлауы дамиды, әсемдікке құштарлығы артады. Сондықтан бұл жұмыстарды тек сабақ кезінде ғана емес, сондай-ақ серуендеу, жер телімдерінде еңбек ету және т.б. уақыттарда жалғастыруға болады. Педагог сабақтарды балаларда дәл және дұрыс түсініктерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі демонстрациялық және оқу құралдарын қолданады. Сонымен қатар сабақтарда балалар әдебиетін оқуға, иллюстрацияларды, слайдтарды қарауды және т.б. қолдануға болады. Табиғаттың әсем көрінісіне, оның түрленуі мен қанық бояуларына балалардың назарын аударып, олардың бойында табиғат құбылыстарына деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыруға, оған қамқорлық көрсетуге үйретуге болады. Ал осы жұмыстарды тиімді жүргізуде табиғат бұрышының да және жасыл желекке оранған ғимараттардың жер телімдерінің де әсері мол. Табиғат бұрышын талапқа сай ұйымдастыру педагогтың тынымсыз еңбегі мен шығармашылығына тікелей байланысты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға бақылау жасау мен күтім жасау балаларды әсемдікке баулиды және табиғатқа қамқор болуға үндейді. Мұнда сондай-ақ балалардың зерттеу әрекетіне тәжірибе жасау мен бақылау жүргізуге ерекше мән беріледі. Алты-жеті жастағы балалармен саяхат жасау және серуендеу кезінде, дидактикалық ойындар мен жаттығуларды өткізу өте қызықты болады.

1-бөлім. Тірі табиғат

Балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, олардың табиғатты қорғау туралы білімдерін байыту.

1.1.Табиғат әлемін танудың қарапайым әдістері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді атауға, ажыратуға және бақылауға үйрету. Мысалы: педагогтың күзде мынадай ойындарды өткізуіне болады. «Әртүрлі бес ағаштан бес жапырақ алып, олардың қай ағаштың жапырағы екенін атау». «Әдемі жапырақтарды жинау», «Үлкен жапырақты табу» және «Сипаттамасына қарай ағаш пен бұтаны табу».

1.2.Өсімдіктер әлемі. Серуендеу кезінде балалардың табиғат құбылыстары туралы білімдерін байытылады және жүйеленеді. Әрбір қайта бақылау жаңалық элементтерінен құралуы тиіс, ал олардың мазмұны бақылаудан бақылауға қарай күрделене түсуі керек.

Табиғаттың заттары мен құбылыстарына қысқа мерзімді бақылаулар жүргізу. Қыстыгүні тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау дағдыларын бекіту. Көктемгі маусымдық өзгерістермен таныстыру.

Халық ырымдарымен таныстыру. Жұмбақ, жаңылпаш және мәтелдерге орай, балалар қоршаған табиғатқа ерекше ықылас-ынтамен қарайтын болады. Жақын аймақта орналасқан ағаштар, бұталар, жапырақтар туралы түсініктерін бекіту, өздеріне тән белгілері бойынша ағаштар мен бұталардың бірнеше түрлерін ажырату. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңызын көрсету. Өсімдіктерді топтастыру: ағаштар, бұталар, жапырақтар. Көкөністер мен жемістерді атауға, ажыратуға және жалпылауға үйрету.

Өсімдіктердің дамуы мен өсуі (тұқым, көшет, жапырақтарымен сабақтар, гүлдер) туралы, оларды өсіру және оларға күтім жасау тәсілдерін (жерге отырғызу, суару, топырақты қопсыту, арам шөпті жұлу, қоректендіру) үйрету.

1.3.Жануарлар әлемі. Жануарларға бақылау жасау кезінде, әсіресе, олардың сыртқы пішіндеріне, өздерін ұстау ерекшеліктеріне үйрету. Табиғат бұрышындағы жануарлар тіршілігімен, ондағы тірі объектілерге күтім жасайтын қажетті құралдармен таныстыру. Балалармен бірге табиғатты бақылау күнделігін жүргізу. Кейбір жәндіктердің түрлері мен тіршілігі, олардың мекендейтін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Жабайы аңдардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Күз кезеңінде аңдардың сыртқы келбеті мен тіршілік ерекшеліктерін сипаттай білуге (мекендейтін жері, түсі, азығы, қысқа дайындығы) үйрету.

Көктемгі-жаздық мезгілдегі жануарлардың тіршілігі туралы ұғымдарын кеңейту (кейбір жануарлардың қысқы ұйқыларынан оянуы, түлеуі, ұя салу, төлдеу).

Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлармен (кірпі, сарытышқан, қарсақ, дала тасбақасы, қосаяқ, құлан), олардың сыртқы келбетімен, мекендейтін жерлерімен таныстыру.

Қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын қалыптастыру.

1.4.Адам. Балалардың өскелең танымдық қызығушылықтары қоршаған шындық өмір құбылыстарын, олардың байланысы мен тәуелділігін терең ұғынуына мүмкіндік береді.

Адам ағзасының атқаратын қызметін білу және сезім мүшелерін атау. Алты-жеті жастағы балалардың ақылы мен сезімін байыту үшін табиғаттың, сәулеттің, өнер туындыларының әсемдігін көруге қабілетті. Адам өміріне қажетті жағдайларды білу.

2-бөлім. Өлі табиғат.

Өлі табиғатта маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарды қалыптастыруды жалғастыру. Түсі, көлемі, пішіні мен маңызы бойынша заттарды салыстыру және оларды жіктеу білігі. Кез-келген зат адам еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру. Адам қолынан жасалған заттарға ұқыптылықпен қарау.

Адам қолымен жасалған заттарды өлі табиғат заттарынан ажырата білуге үйрету. Судың үш жағдайы туралы білімдерін бекіту. Өлі табиғат

нысандарымен, олардың қасиеттерімен және белгілерімен таныстыру: көмір, құм, сазбалшық, мұнай, гранит. Атап, оларды ажырату білігіне үйрету.

Телефон, компьютер, теледидар, радио және оларды қолданудың кейбір қарапайым ережелері туралы білімдерін кеңейту.

Заттар, олардың нышандары мен белгілері туралы ұғымдарды бекіту. Табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту: тұман, шық, найзағай, қырау, бұршақ, сүңгі, тамшы, жылымық.

3-бөлім. Физикалық құбылыстар

Балалардың дене құбылысы туралы білімдерін дамыту: жарық (жарық беретін нысандарды атау – от, күн, шырақ), дыбыс (табиғаттағы дыбыстың дерек көзін анықтау), жылу (жылудың дерек көзін атау), электр және магниттілік (электр тоғының табиғи дерек көзін атау, магнитты қолдану жолдарын атау).

3.1. Қозғалыс және күш

Қардың тез ерігенін (көлеңкеде неме күн астында), қандай қар тез еритінін (таза немесе лас) бақылау тапсырмасын беру. Көктемде күш жинап алу үшін қыста ағаштар мен бұталар демалатынын түсіндіру керек. Күннің көрінетін қозғалысына бақылау жасау, балаларға желтоқсан айында күн жоғары көтерілмейтіні, күндер өте қысқа болатыны, ал қаңтар айында, әсіресе, ақпанда күн шамалы ұзара бастайтынын, алайда, аяз әлі де болса қатты болатыны туралы түсінік беру; ақпан айында тек қана аяз емес, сонымен қатар боран мен борқасын да болады.

3.2. Жарық

Балаларды көктемде тіршіліктің жандануы қуантады, оларды болып жатқан өзгерістер қуантады. Бұл қызығушылықты қолдау қажет. Жарық беретін нысандарды атап көрсету: от, күн, шырақ.

3.3. Дыбыс

Құстардың ұялайтын орнына серуен ұйымдастыру керек. Құстардың ән салғанын тыңдау керек, көкекті, бұлбұлды, қараторғайды дауыстары бойынша анықтауға үйрету. Табиғаттағы дыбыстың шығу көзін анықтау.

3.4. Жылу

Серуенде балалардың назарын күннің күнделікті жоғары көтеріліп, ауа райының жыли бастағанына аудару керек. Жылудың дерек көзін атап көрсету. Педагог қардың қорғаныштық (жерді және өсімдіктерді аяздан қорғап жабады, қар жабындысы көктемде өсімдіктер үшін ылғал көзі болып табылады, сондықтан егістіктерде қар тоқтату жүргізіледі) қасиеттері туралы атау қажет.

3.5. Электр және магниттілік

Балаларды қардың түрлі қасиеттерімен таныстыру (ұлпақ, түкті, жылтырайды, күнге шағылысады, жарықтың түсуіне байланысты түсін өзгертеді). Салыстыру тәсілі тиімді әдіс болып табылады. Балалар заттарды салыстыра отырып, олардың ұқсастық белгілерін айқындайды, айырмашылығын анықтайды. Магнитті қолдану жолдары.

4-бөлім. Табиғатты қорғау

Жануарлар мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтау қажеттілігі туралы ұғымдарын кеңейту. Балалармен бірге орман санитары - құмырсқаны қарап, құмырсқаларды қорғау туралы әңгімелеу.

4.1. Табиғатқа қамқорлық

Табиғатта өзін-өзі ұстаудың (ағаш жапырақтарын жұлмау, гүлді жұлмау, гүлзарларды таптамау, ұяны бұзбау, қоқыс тастамау) қарапайым ережелеріне үйрету. Табиғатта қолынан келетін жұмысқа көмек көрсетуге баулу. Табиғатқа зиян келтіретін жағдайлар мен әрекеттерді атап көрсету. Саңырауқұлақ пен кейбір жидектерді жинау ережелерімен таныстыру.

Ауа мен судың ластану себептерін атап көрсету. Педагог тек хабарлап қана қоймай, сонымен қатар себеп-салдар байланысын орнатып, баланы ойлануға мәжбүрлейтін сұрақтар қояды. Тірі және өлі табиғаттың өзара байланысын түсіндіреді. Өлі табиғаттағы үдерістер жануарлар мен өсімдіктердің өзгеруіне әкеліп соқтыратыны туралы түсініктерін біртіндеп қалыптастыру.

«Қызыл кітаптың» маңыздылығын түсіндіру. Жануарлар қоршаған ортаның жағдайына бейімделетінін, мұның өзі олардың аман қалуына мүмкіндік беретінін түсіндіру керек. Өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптау тәсілдерін түсіндіру. Оларды күтіп-баптауға дағдыландыру.

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

«Сурет салу» сабағының мазмұны

Мектепалды даярлық сыныптарында балаларды бейнелеу өнеріне үйретуде, сурет салу ерекше орын алады және үш түрге бөлінеді: жеке заттардың, мазмұнды және сәндік сурет салу. Олардың әрқайсысының бағдарламалық материалдары мен жұмыс мазмұнын анықтайтын өзіне тән ерекше міндеттері бар.

Сурет салуға үйретудің негізгі міндеті – балаларға қоршаған ортаның болмысын тануға көмектесу, олардың аңғарымпаздықтарын дамыту, сұлулықты сезінуге тәрбиелеу және бейнелеу тәсілдерін үйрету.

Сурет салу – сызықтармен және алуан түрлі түстер арқылы жазықтықта шынайы заттарды немесе қиялдағы заттарды бейнелеу өнері.

6-7 жастағы балаларды үйретудегі әдістердің ішінде затқа қарап сурет салуға ерекше көңіл бөлінеді. Затқа қарап сурет салуды басқа тәсілдермен де үйлестіруге алады, себебі педагогтың алдындағы тәлім-тәрбие білім берудің барлық міндеттерін жүзеге асыруа алмайды.

Балалар заттардың негізгі ерекшеліктерін атай отырып, оны көзбен көру арқылы зерттеуге қабілетті. Балалардың тәжірибесі өскені соншалықты, олар қосымша басқа сезім мүшелерінсіз-ақ, тек көру негізінде олардың орналасуына, жалпы формаларына, бөліктеріне талдау жасай алады. Сондай-ақ бұрын таныс болмаған, енді ғана алғаш рет көріп тұрған заттардың суретін салуға болмайды.

Сурет салудың мақсатына байланысты әдістерді қолдану үлгісі алуан түрлі болуы мүмкін. Балалар қандай да бір жаңа композициялық тәсілдермен немесе өрнектің элементтерімен таныстырған жағдайда нақты қайталау жұмысы жүргізіледі.

Мысалы, олар жапырақтарды дөңгелете симметриялық етіп орналастыра отырып, «малу» арқылы гүлді құрастыруға үйренеді. Осы міндетті орындауға толықтай зейінді шоғырландыру керек, сондықтан бұл жерде жоғары-төмен, оңға-солға, ара-арасымен жапырақтардың суретін біріздiлікпен салуды көрнекі түрде көрсетуге болады.

Алайда, бұл үлгі алға қойылған міндетті түсіндіру үшін ғана қолданылады. Балалар алға қойылған міндетті бұзбастан өз еріктері бойынша оның барлық элементтерін, түстерін және т.б. қолдана отырып өздігінен орындай алады.

1-бөлім. Сурет салу негіздері

1.1. Сызықтар және сызық түрлері

Бұл сабақта педагог балаларға сызықтардың алуан түрін (түзу, қисық, ирек-ирек, ирелең) қолдана отырып, затқа қарау және елестету арқылы қарапайым сұлбалардың суретін салуды үйретеді.

Мектепалды даярлық сыныбында балалар түрлі ұлттардың қолбанбалы өнеріне тән өрнектің элементтерімен және түстердің үйлесімділігімен танысады. Зергерлік өнерге, ағаштарды оюлауға, өрнек жасауға, ұлттық

киімдерді алтынмен кестелеуге, қазақ ою-өрнегінде кездесетін киіздің өрнегінде, тоқыма заттарда, кілем тоқуда табиғаттың, гүлдің, бүршіктің сюжетін беруге үйрету.

Педагог түзу сызықтың түрлі үйлесімділігінде құрылған қазақ өрнегінің элементтерінің суретін салуға, оларға тән элементті қолдана отырып құрастыруын, элементтерді сұлбаның, форманың ортасына және шетіне орналастыруын, қарапайым формаға түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, сақиналарды, дөңгелектерді, бояуларды, нүктелерді ырғақпен орналастыру арқылы өрнектерді құрастыру біліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

1.2. Пішін және үйлесімділік

Білігін дамыту: заттардың негізгі формасының, үйлесімділігі мен бір бөлігінің суретін салу. Бірыңғай мазмұнды сызықпен сурет салу үшін, біркелкі заттардың көлемі және оның бөлшектері бойынша бейнелеу іскерлігін қалыптастыру (Көктем мезгілінің қарапайым суреті. Ағаштың бұтағына, жапырақ немесе гүлдің бұтасына, кейбір егін және бақша гүлдеріне қарап сурет салу, түрлі аңдардың және т.б. сипатының ерекшеліктерін беру).

Геометриялық форманың жеңілдетілген түрінде соңынан оның пішінін құрастыру үшін, баланың бойында заттардың құрылысын көру дағдыларын қалыптастыру қажет.

Балалардың алдында заттардың орналасуы бөлмеге байланысты. Егер дұрыс үйлесімділік беру керек болса, зат тұрақты күйде, балаларға барлық бөліктері көрінетіндей етіп қарату керек. Егер балаларға қимыл-қозғалысты көрсету тапсырмасы берілсе, бөліктердің қалпын өзертуге болады.

1.3. Түс

Сурет салу қоршаған әлемдегі барлық түстің өзіндік сұлулығын сезінуге көмектеседі, оларды рухани байытады және көркемдік талғамын дамытады. 6-7 жастағы балалар сурет салудың көмегімен қағаздың түсін және түстерді беру үшін, бояулардың үйлесімділігін таңдауға үйренеді; жылы және суық түстерді қолдану, әртүрлі түстің фонмен үйлесімділігі және тақтайшаға бояуларды араластыру.

Мектепалды даярлық тобындағы балалар ең басты түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл, күлгін, сарғыл, көгілдір) танып, оларды ажырата білуі керек; күн спектрін негізгі түстен алу, басты түстен қосымша түсті алу, табиғи және жасанды түстердің пайда болуын; түстерді араластырудың қарапайым ережесін (қызыл және көк түсті қосқанда – күлгін түс, көк және сары – жасыл және т.б.) білуі керек.

«Сурет салу негіздері» бөлімінің мазмұны балалардың түс үйлесімділігін қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған, акварель және гуашь бояуларымен есте сақтау және елестеті негізінде заттардың суретін салуға бағытталған. Балалардың жеке қабылдауы арқылы қоршаған әлемнің әлемдегі барлық түстің сұлулығын сезінуге мүмкіндік береді. «Сурет салу» сабағы олардың рухани бай, жомарт көңілді болуына көмектеседі, көркемдік талғамы дамиды. Балалар қоршаған әлемдегі түстердің байлығы туралы өз әсерлерін алуан түрлі

мазмұнды-тақырыптық сурет салуды орындау барысында береді. Мазмұнды-тақырыптық суретте түр-түс айқындықтың маңызды құралы болып табылады.

1.4. Текстура

Балалардың бейнелеу шығармашылығын дамытудың ең маңызды шарттардың бірі – сабақ барысында педагогтың баламен бірге жасаған жұмысы.

Дәстүрлі емес көркем техниканы қолдану мектепалды жастағы балалардың жас ерекшеліктерімен анықталады. Мысалы, бұл бағытта жұмыс істеуді саусақпен, алақанмен, қадамен, тампонмен, қағазды жұлмалау және т.б. сияқты сурет салудан бастау керек, сондай-ақ ол мектепалды даярлық сыныптарында кляксография, монотипия сияқты күрделі техникалардың көмегімен құрылған графикалық бейнелермен толықтырылады.

Дәстүрлі емес көркем техника құралымен мәнерлі графикалық бейне құру бірқатар міндеттерді шешеді деп болжайды:

- балаларды алуантүрлі көркем материалдармен және олардың қасиеттерімен таныстыру;
- бейнелеу міндеттеріне қойылған бейнелеу материалдарын, құралдарын, жеке ойлауы бойынша бейнелеу тәсілдерін бағындыру икемділіктерін дамыту;
- алуантүрлі материалдар мен құралдарды, іс-әрекет тәсілдерін қолдануға үйрету;
- дербестікке, бастамашылдыққа, эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
- қиялын, көру арқылы есте сақтау қабілетін, икемді және жылдам ойлауын дамыту;
- қағазға түрлі формада симметриялық өрнек құру: жолақшада, шаршыда, дөңгелекте, көпбұрышта, сопақшада, ортасын, бұрышын, жиегін бөлу;
- элементтерді кезектестіре отырыпу рақылы матаға өрнек салу; көлемді пішінді безендіру – жапсырылған бұйым, қатты қағаздан жасалған жұмыс (қораптар, бокалдар және басқалар);
- кең жолақта бір сызықтың қатарына (жақын, алыс) қағаздың барлық жазықтығына бейнені орналастыру, табиғаттан алған әсерлерін көрсету.

1.5. Композиция

6-7 жастағы балалар жеке заттарға қарап немесе есте сақтау қабілеті бойынша сурет композициясын шешуде, сондай-ақ өрнектер мен оюларды құрастыру барысында айтарлықтай жетістікке жетеді. Олар пішімді (тігінен, көлденеңінен) ескеру мен қағаз бетіне ойдағыдай орналастыру арқылы суреттегі түсті үйлестіре алады.

Заттық және сәндік суреттерге қарағанда, орындаудың мазмұны, күрделілігі және қолданылуы бойынша суреттің композициясы айтарлықтай алуан түрлі және қызықты болып келеді.

Балалардың сурет композициясының ұйымшылдық және мәнерлілігіне олардың бейненің негізгі бөлігінің сәйкестігін дұрыс көрсету іскерлігіне, бояумен жұмыс істеуге, қағаз бетінің өлшемі мен бір-біріне қатысы бойынша заттарды орналастыру мен көлемін анықтауға қатысты жағымды әсер ету.

Педагог балаларға кеңістікке қатысты заттарды бере білу дағдыларын ұластыруды біртіндеп бастайды: қағаздағы бір жолақта төмен; қағаздың барлық бетіне.

2-бөлім. Материалдар мен құралдар

2.1. Құралдармен және көркем материалдармен жұмыс тәсілдері

Балалардың қарындаш (графиттен істелген), бояулар (гуащь, акварель) сияқты көркем материалдарды дұрыс таңдауы мен қолдануы үшін педагогтың көмегі қажет.

Мектепалды даярлық сыныпта педагог саусаққа күш түсірмей, қарындашты көлбеу ұстап, үзік сызықтарды біркелкі етіп сызып, бір бағытта жеңіл қимылмен, жиектің сыртына шығып кетпей, қарындашпен сурет салу білігіне үйретеді. Бояумен сурет салу барысында, қылқаламды бояуға әбден малып, жалпақ сызық жүргізе отырып, қылқаламды қағазға көлбеу ұстау керек; жіңішке сызық салу барысында нүктені тігінен ұстап, суретті бояй отырып, оңнан солға, жоғарыдан төмен, қиғаштап бір бағытта оны көлбеу жүргізу керек.

Қағаздың жалпақ жағына қылқаламды қысып ұстау, қағаз бетінің ортасын, бұрышын, жоғары, төмен, оң және сол жағын ажырату тәсілдерін қолдану білігіне үйрету қажет.

Саусаққа күш түсірмей, қарындашты (борды) көлбеу ұстап, бір бағытта үзік сызық сыза отырып, жеңіл қимылдармен, суреттің шетіне шығып кетпей, қарындашпен сурет салудың техникалық дағдыларына үйрету; түстің ашықтығы бойынша әртүрлі түс алу үшін қарындашты түрлі басуды қолдану.

2.2. Еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникасын сақтау

Педагогтың балалар орындайтын тапсырманың біріздiлігін алдын-ала жоспарлауы, қажетті материалдарды дайындауы, жұмыс орны мен жұмыс істеу барысында құралдарды өздігінен ретке келтіруі тиіс: үшкір құралдар, қарындаш, бояу, қағаз және т.б. өз орнына қоюға үйрету.

Сабақ барысында бөлмеде жақсы табиғи жарық болу керек, егер жарық жеткіліксіз болса, қосымша жасанды жарық қолданылады. Жиһаздар баланың бойына сәйкес болу керек.

Мүсіндеу сабағының мазмұны

Мүсіндеу – қолдың және қосымша құралдардың – стек және т.б. көмегімен илемді материалдардың (ермексаз, сазбалшық, пластик және т.б.) пішінін береді. Балалармен бейнелеу іс-әрекетін меңгеруге бағытталған жұмысты ұйымдастыра отырып, педагог педагогикалық үдерістің тиімді әдіс-тәсілдерін кеңейтумен айналысады; ескірген үлгілер мен стереотиптерден аулақ болған жөн. Ол жерде оқу және шығармашылық тапсырмалар, қызықты бөлшектерден құралған бейнелерді толықтыруды ұсыну керек.

Әрбір сабақтың соңында балалардың жұмысын қарап, талдау жасау керек; тақырыпты ашатын қызықты және мәнерлі жұмысты атап өтіп, қажет болған жағдайда, балаларға қолдау көрсету керек.

1-бөлім. Мүсіндеу бағыты

1.1. Заттық мүсіндеу.

Мүсіндеу әрекетін балалар сурет салу әрекетінен жылдам меңгереді, өйткені мүсіндеу жұмысында бала шынайы аумақта жұмыс істейді, оған қағаз бетіне бейнелеу барысындағыдай шартты құралдарға жүгінуге тура келмейді.

Балалар бейнелейтін қозғалыстар күрделі емес: қолын көтеріп тұрған немесе аяғы алшақ қойылған адам фигурасы, алға созылған жануардың табаны.

6-7 жастағы балалардың мүсіндей сипаты мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың жұмысынан қатты ерекшеленеді. Олар заттың пішінін нақты беруге, бейнені қосымша бөлшектерімен толықтыруға, оны қозғалыста көрсетуге тырысады. Алайда, мектепалды даярлықтың балалары мүсіндеудегі мәнерлі құралдардың көмегімен тірі тіршілік иелерін белгілеріне тән, айрықша ашық түрде береді, ал мұның өзі пішіннің қалған негізгі бөліктер жалпылама түрде қалады.

Балалар жануарлар мен адамдардың пішінін сомдауда, алдымен олардың жалпы пішінін, содан соң бөлшектерін белгілей отырып, бір кесек сазбалшықтан мүсін жасап үйренеді. Толық кесектен мүсіндеу барысында артығын алып тастауы да мүмкін, сонымен қатар пішіннің сол және басқа бөліктеріне жетпей тұрған сазбалшықты қосуы да мүмкін. Негізгі жұмыс саусақтардың, кейде екі қолдың саусақтарымен атқарылады.

6-7 жастағы балалар заттардың белгілерін ажыратуды бастайды: ұзын және қысқа, толық және жіңішке, бөліктің көлеміне қатысын сақтау, мүсінделген пішіннің бөліктерін нықтап бекіту, олардың біреуін екіншісіне қыса отырып, бекітілген жерді тегістеу, саусақ немесе стектің қимылымен пішіннің бетін жөндеу.

1.2. Сюжеттік мүсіндеу

Мүсіндеуде мазмұнды бейнелеу сурет салумен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі бар. Соңғы мазмұнды композицияны бейнелеуде жерде және ауада тұрған заттарды бейнелеудің шартты тәсілдерін қолданумен жиі байланысты болады. Мысалы, балалар ұшып бара жатқан ұшақты бейнелей алмайды. Ұшып бара жатқан заттарды көрсету барысында, мүсінді тұғырға немесе таяқша-қаңқаға көтереді, алайда бұл шартты тәсілде үнемі қолдануға болмайды. Мазмұнды мүсіндеу жұмысы балалардың үлкен ақыл-ойына күш түсіреді, себебі композиция үшін айрықша мәнерлі заттарды таңдап алу керек.

Мектепалды даярлықта мазмұнды мүсіндеу эпизодты таңдауда, жоспарланған барлық жұмыста бейнелеу мен техникалық тәсілдерді қолдануда балалардан белсенділік пен дербестікті талап етеді.

Педагог келесілерді дамытуы қажет: өлшемдік қатынасты беру білігі, бейненің мәнерлілігі, адамның қимылына тән мәнерлілік, пішіннің бетін безендіру; стекті қолдана отырып, толық кесектен мүсіндеу тәсілдеріне үйрету;

тұғырда бұйымды орналастыру техникасын жетілдіру; бір тұғырға бірнеше пішінді орналастыра отырып, біртекті заттардан мазмұн құру.

1.3. Сәндік мүсіндеу. Сәндік мүсіндеу балаларды шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретеді: алдын-ала тақырыпты ойластыру, сурет түрінде ертерек үлгі құру және жұмыс барысында оған сүйену, заттың және әшекейдің пішінін шартты шешу (мысалы, сауыт гүл түрінде бейнеленеді, құс немесе қоңыздың қанаты өсімдік немесе геометриялық өрнектермен әшекейленген болуы мүмкін).

Сәндік мүсіндеу құралдармен жұмыс жасауға үйретеді, кейбір әшекейлерді түтік, шаршы, үшбұрыш және т.б. сияқты арнайы таңбалар түрінде қондыруға болады. Мұндай таңбалар ретінде түрлі пішіндегі қалпағы бар шеге, бұрандаларды қолдануға болады. Мүсінді өрнектеу жұмыс барысында, балалардың қолдардың саусақтарының бұлшық еттері дамиды, саусақтың ұшымен жұмыс істеуге үйретеді, оларды пішіндерді айрықша иілгіш және сезімтал етеді.

Мүсіндеу тәсілдерінің бірі – құрылымдық. Пішін конструктор бөлшектерінен жасалғандай жеке бөлімнен мүсінделеді, сондықтан осылай аталады. Алдымен түрлі бөлшектен тұратын бейне ойластырылады, содан соң оны жапсыруға болады. Балалар көлемі бойынша түрлі заттарды – пирамидаларды, мұнараларды, аққаланы және т.б. ұқсас пішіндерді біріктіре алады.

Балалар белгілі бір бейнені ойластырады. Бұдан кейін ол қажетті түс пен өлшемдегі ермексазды алып, оны уқалайды. Кесек ермексазды ойлаған пішіннің формасына салуға тырысады. Бала сипат ерекшеліктерін беруге тырысады – ұзын мойнын, қармауышын, айдарын, құлағын және т.б. Яғни, балалар түрлі тәсілдермен пішіннің үлгісін жасайды.

Ол алдыңғы екі тәсілді біріктіреді. Яғни, бір кесектен және жеке бөліктен мүсіндеу. Мұндай тәсіл барысында мүсіндеу тәсілімен үлкен бөлшектерді, ал кішкентаймен жеке бөлшектерді жапсырған жөн. Мүсіндеу барысында негізгі формадан пішіннің тұмсығын, құлағын, құйрығын созып, оларды үшкірлеуге, сопайтуға және бүгуге болады. Шетін немесе форманыың бөлшегін – құйрық, айдар, қанатын, гүлдің жапырағын қыстыруға болады. Мысалы, стектің көмегімен «қауырсынды», «түкті», «қабығын» үзік сызықпен кесуге, өрнек жасауға, табан, қанат үшін тілік жасауға, пішін бетінің суретін салуға болады. Тұрыстыкқ ұсақ заттармен сондай-ақ, дөңгелектер, дақтар және т.б. таңба жасауға болады.

2-бөлім. Еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыс істеуде, қауіпсіздік техникасын сақтау

2.1. Мүсіндеуге арналған материал және құралдармен жұмыс істеу.

Мүсіндеудің бейнелеу және техникалық құралдарын меңгеру балалар үшін қиындық тудырады, бұл педагогтан мүсіндеуге материалдар іріктеуде, үйретудің мазмұны мен тәсілдерін таңдауда ерекше жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Әдетте, мүсіндеу үшін сазбалшық пен ермексаз қолданылады. Сазбалшық – түстермен жұмыс істеуге арналған бейтарап және ыңғайлы айрықша құнды материал. Ол жасыл және көгілдір реңкі бар жер сияқты қоңыр, ақ, сұр түсті болуы мүмкін. Арнайы дайындалған түрлі-түсті керамикалық сазбалшықты қолдануға болады. Сазбалшықпен жұмыс істеу жайлы. Сазбалшық жұмысқа үнемі жарамды болу үшін, оны сулы шүберектің астында салқын, дым жерде ұстаған жөн.

Ермексаз – жұмыс алдында арнайы дайындықты қажет ететін созылмалы материал. Ол біртүсті және түрлі-түсті болуы мүмкін. Алғашқысы пішіннің тұтастығы мен заттың құрылысын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Түс жұмысқа алуан түрлі сипат береді, мәнерліліктің қосымша құралы болып табылады.

Мүсіндеудің қосымша материалдарына тірек жатады.

Балаларды мүсіндеуге үйрету үшін тірек ретінде түрлі ұзындық пен жуандықта қарапайым таяқшаларды қолдануға болады. Тіректің көмегімен пішіндер айрықша тұрақты және ширақ болады.

Мүсіндеу барысында стекты қолдана білу керек. Олар өздері жасап алатын ағаштан және металдан жасалған болуы мүмкін.

Қолмен жасау қиын болған жағдайда бөлшектерді жөндеу үшін стек қолданылады, оның көмегімен пішіннен артық сазбалшықты алып тастайды, кесік жасайды.

Балаларды мүсіндеуге ойдағыдай үйрету үшін үстелге орналастырылған шағын тақтайша керек.

Педагог балаларды орындайтын тапсырманың біріздiлігін алдын-ала жоспарлауға, қажетті материалдарды дайындауға, жұмыс орны мен жұмыс істеу барысында құралдарды өздігінен тәртіпке келтіруге үйретеді: үшкір құралдарды, сазбалшықтарды, ермексаздарды және т.б. өз орнына қою. Жеке бас гигиенасының ережесі (сабақтан соң міндетті түрде қолдарын жуу және әрқайсысы өз сүлгілерін қолдану) туралы үнемі ескертіп отыру қажет.

«Жапсыру» сабағының мазмұны

Мектепалды даярлық сыныптарында жапсыру баланың қабілетін дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Өнердегі жапсыру суретті немесе өрнекті қағазға, матаға желімдеу немесе тігу арқылы орындалатын көркем шығарма болып саналады. Сурет немесе өрнектің өзі әртүрлі материалдан жасалуы мүмкін. Мұндай материал ретінде қағаз, мата, таяқша, әртүрлі дақылдар, ағаштың кепкен жапырақтары, ермексаз, жармалар, қамыр және т.б. таңдап алуға болады.

Жапсыру сабақтарында 6-7 жастағы балалар жеке қызығушылықтарын ғана емес, сондай-ақ өз құрдастарының қызығушылықтарын негізге ала отырып, бірлесіп жұмыс істеу білігіне тәрбиеленеді. Бұл баланың өзіне және басқаға талап қою сияқты, тапсырылған жұмысқа жауапкершілікпен қарауды, саналылық ұстанымын, тәртіпті, өзара көмек көрсету мен қолдауды болжайды. Мектепалды даярлық балалары дербестігі мен бастамашылдығын көрсетуге,

бірлескен күш салуға орай, оң нәтижеге қол жеткізуден қуаныш сезімін бастан өткеру мүмкіндігін алады.

Жапсырудың жеке және ұжымдық формасы әртүрлі мазмұнда болуы мүмкін. Осыған байланысты сабақты түрлері бойынша бөлуге болады. Бұған заттық, мазмұндық және сәндік жапсыру жатады.

1-бөлім. Жапсыру бағыты

1.1. Заттық жапсыру

Мектепалды даярлық сыныптарында жапсыру барысында балалар негізгі қию түрлерін меңгереді. Балалар қағазды көзбен өлшеп бүктелген сызығы бойынша тегіс етіп қияды; шаршының, тіктөртбұрыштың немесе үшбұрыштың бұрыштарын жұмырлай отырып немесе қағазды бірнеше рет бүктей отырып, дөңгелек пішін етіп қияды; қағазды жұлмалай отырып, симметриялық емес пішіндерді қияды. Заттық жапсырудың негізгі міндеті балаларды шынайылыққа жақын заттарды құруға үйрету болып табылады.

Затты жапсыруда балалар қоршаған заттардың шартты белгілері немесе оларды ойыншықтарда, суреттерде, халық өнерінің үлгісін көрсете отырып бірнеше жиынтықты іс-әрекет ерекшеліктерін беруге әлі келетін қағаздарды қиып, жеке заттардың бейнесін фонға желімдеу білігін меңгереді.

Педагог жапсыру үшін кескіні нақты, пішіні қарапайым, үйлесімділік қатынасы анық және өзіндік бояуымен ерекшеленетін заттарды таңдайды. Осы ерекшеліктерге байланысты қиюдың әртүрлі тәсілдері қолданылады. Симметриялық қиюдың тәсілін бір жақ бүйіріне (көбелек, инелік, қызғалдақ, Қарша қыз, зымыран) сәйкес қатесіз беру үшін немесе ортасынан бастап қайталанатын бөлікті кезектестіру (түймедақ, қар бүршігі) үшін қолданады. Заттардың күрделі қисық сызықтың жиегінің симметриялық құрылымы ойға алған (жануарлар, құстар, балықтар) жиек бойынша бейнеленеді.

Қиюдың тәсілін меңгеру, шамамен, балалар әртүрлі пішіні, құрылымы және бояуының үйлесімділігімен, көлемдік байланысымен (түрлі типтегі үйлер, көлік, өсімдіктер, құстар, жануарлар, шынайы және ертегіде баян етілетін адам) ерекшеленетін заттарды бейнелей алады.

Заттық жапсыруда балалар екіге бүктелген, әртүрлі бейнені қатпарланған қағаздарды қиюға, жұлмалау әдісі арқылы күрделі жапсыруды құруға, сиқырлы құстын, алтын балықтын, алқызыл гүлдің бейнесін жасауға үйренеді.

1.2. Сюжеттік жапсыру

Мазмұнды жапсыру тақырыпқа немесе мазмұнға сәйкес түрлі заттарды өзара әрекеттестіре қию және желімдеу білігінің болуын қарастырады. Жапсыру тақырыбын таңдау барысында балалардың түсініктерінің қорын, олардың бейнелеу және техникалық білігінің даму деңгейін, балалардың қызығушылығы мен жасының қолжетімділігі мен сәйкестігін, сондай-ақ қоғамдық өмір оқиғасын, табиғат және заттық қару, жыл мезгілдерінің құбылысын және т.б. ескеру керек.

Мазмұнды жапсыру барысында балалар мазмұнын және жасайтын композиция бөлшектерін ойлап табуға, сондай-ақ оларды негізіне ретімен желімдеуді үйренеді.

Түрлі-түсті қағаздан жапсыру кез келген тақырыпта болуы мүмкін, мысалы, ертегі, өсімдік пен жануарлар әлемі, көлік, мерекелер және басқа көптеген тақырыптар.

Балалар қағаз бетіне заттарды орналастыру дағдысына, әртүрлі заттардың көлемі, формасының бөліктері, олардың құрылысы, үйлесімділігі бойынша нысандардың қатынасын ескере отырып, жапсыру мен құрастыруға үйренеді.

Сондай-ақ, педагог балаларды ұжымдық жапсыруға, ортақ композиция құру білігіне, қағаз бетін толтыруға, заттарды жалпақ жолақшаға (жоғары, төмен, 2-3 жоспарды), бүкіл қағаз бетіне, бір сызық бойына орналастыруға, аспанды, жерді немесе аспан мен өзенді (көл) белгілеуге, жерге (аспан) арналған түсті таңдауға үйретеді.

1.3. Сәндік жапсыру

Сәндік жапсыру – балалардың түстің ашықтығын салыстыруды қолдана отырып, ырғақ, симметрия заңдылығы бойынша түрлі элементтерді безендіруде (геометриялық, өсімдіктер пішіні, құстардың, жануарлардың, адамдардың пішіндерінің жиынтығын) қию және біріктіру білігін меңгеруі. Бұл сабақтарда балалар стилге салуға, шынайы заттарды сәнді жасауға, олардың құрылысын жинақтауға, үлгілерді жаңа қасиеттерімен бөлісуге үйренеді.

Балаларды өрнектің ашық және таза түстері, пішіннің симметриясы, олардың көргендерін жасауға ниет білдіруге назар аудартады. Бұл педагогтан халық шеберінің шығармашылық тәжірибесін терең зерделеуді, балаларды халық өнерімен таныстыру бойынша жұмысты ұйымдаруға және оларды тұрмыс бұйымдарын, киімдерді және т.б. безендіруді мотив бойынша өрнек құру білігіне үйретуге сәйкес халық өрнегінің бейнелеу дағдыларын меңгеруді талап етеді.

Балалармен жұмыс жасау барысында сәндік-қолданбалы өнерінің бұйымы қолданылады. Педагогтың міндеті ұлттық алуан түрлі сәндік-қолданбалы бұйымдардың түрін көрсету: ерекшелік сипаты, өрнек элементтерінің өзгешілігі, түстердің және композицияның үйлесімділігі.

6-7 жастағы балалар халықтық сәндік-қолданбалы өнердің сарыны бойынша өрнектің әртүрлі түрін жаңғырту үшін фонды жеке элементтермен біркелкі толтыруға, жапсырудың негізгі және қосымша бөліктерін бөлуге үйрену керек. Балалардың байсалды композиция құру қабілеттерін дамыту үшін, үйретудің көрнекі тәсілдерін мақсатты қолдану керек.

2-бөлім. Еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыс істеуде, қауіпсіздік техникасын сақтау

2.1. Қайшымен жұмыс істеу әдістері

Балалар қайшымен жұмыс істеудің техникалық әдістерін біртіндеп меңгереді. Қиюдың сол және басқа тәсілдерін меңгеру – бірнеше рет қайталауды, жаттығуды керек ететін ұзақ үдеріс.

Ең алдымен, қайшыны дұрыс таңдау қажет. Балалар шығармашылығы үшін арнайы қауіпсіз үлгідегі қайшылар болады. Бала жұмыс барысында жарақаттанбауы үшін, олардың ұштары дөңгеленген, жеңіл әрі ыңғайлы болып келеді. Жабық пластикалы ұстарасы бар қайшылар да болады. Бас бармаққа киетін кішкене сақинасы, сұқ саусаққа және ортаңғы саусаққа ұзартылған сақинасы бар қайшылар кездеседі. Сақинасы бірдей қайшылар да болады, оған бас және ортаңғы саусақ кигізіледі, ал сұқ саусақ оған қалай ыңғайлы солай жатады. Егер педагог балаларға қайшыны ұстауды және оны қалай қолданатынын үйретуге көмектесетін болса, қайшымен жұмыс істеуге үйрету және қиюдың тәсілдерін үйрету оңай және ойдағыдай болады. Педагог қайшыны қолданудың ережесін балалармен бірге талқылауы қажет.

Балалардың жұмыс істеу қауіпсіздігі үшін ұшы дөңгеленген және тұтқасы әзірленген қайшы қажет. Олардың ұзындығының мөлшері шамамен 120 мм болуы керек.

2.2. Материалдармен, құралдармен жұмыс істеу

Балалар 6-7 жаста құралдарды (қайшы, желім, қылқалам, сүлгі және т.б.) қолдана отырып, материалдарды өңдеуге байланысты (бүктеу, қию, желімдеу) еңбек білігінің бірқатарын меңгереді.

Жапсыру сабағына тек қағаз емес, сонымен қатар ермексаз, сондай-ақ басқа да материал қолдануға болады. Мысалы, әртүрлі матадан, кептірілген жапырақтар мен гүлдерден, түрлі-түсті ұнтақ жармасы немесе уатылған жұмыртқаның қабығынан жасалған жапсыру өте әдемі көрінеді.

Жапсыру сабағы барысында балалар қию және желімдеу арқылы әртүрлі заттардың қарапайым пішіндерімен, бөліктерімен және сұлбаларымен танысады. Жапсырудың меңгеру үдерісі желімсіз кесіп алуына (билетер, жалаулар және т.б. дайындай отырып қағазды қияды, қайшыны қолдануға үйренеді) көмектеседі.

Балалар пішіндерді бөлік немесе сұлба түрінде кесе алады. Олар үшін жеке бөліктерден заттарды құрастыру, сурет салу мен мүсіндеудегі конструкциялық бейнелеу сияқты оңай. Балаларға сұлбалық кесу қиынға соғады, себебі заттың басқа бөліктерінің үйлесімділігі мен жалпы жиегін қайта-қайта салыстырып отыру керек.

Балалар сабақта түрлі материалдардың (қағаз, жарма, ағаш жапырақтары және гүлдер, дақылдар, мата және т.б.) қасиеттерімен танысады, геометриялық пішіндер мен түстерді ажыратуға, көлемі бойынша бөліктер қатынасын орнатуға және бөлікті тұтасқа біріктіруге, құрылымын, кеңістіктегі заттың орнын көрсетуге, қағаздың бетін тұспалдауға үйренеді. Қағаздан қиылған пішіндерді жағуға арналған қылқаламдар дайындаудың мөлшеріне байланысты болып келеді. Себебі, ұжымдық жапсыру үшін екі мөлшердегі қылқалам болуы керек. Үлкен жазықтықта желімдеу үшін, жалпақ қылқалам – флейца қолданады.

Балаларды өздігінен жұмыс орнын және жұмыс барысында құралдарды ретке келтіруге үйрету: ұшы үшкір құралдарды орнына қою; оларды жұмыс

орнында дұрыс орналастыру туралы; қайшымен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережесін сақтау.

Балаларда еңбек мәдениеті (алдын-ала қажетті материалдарды дайындау, жұмыс орнын тәртіпке келтіру, орындалатын тапсырманың реттілігін жоспарлау, сабақтан соң материал мен құралдарды жинау) қалыптасады.

Музыка сабағының мазмұны

6-7 жастағы балаларда музыкалық сауаттылыққа деген қызығушылық пайда болады, әнді, биді мәнерлеп орындауға ерекше талпынады, шығармашылық танытады; естігендері туралы өздерінің пікірлерін айту ниеттерін білдіреді. Балалар өздерінің артықшылығын дәлелдеп, суырып салма өлеңге және шығарымпаздыққа қатты қызығушылық білдіреді. Музыкалық өнерге тірек арқылы балалардың жеке басын қалыптастыру музыкалық тәрбиелеудің негізі болып табылады.

1-бөлім. Музыкалық сауат

1.1. Музыкалық мәнерлілік құралдары (әуен, қалып, ырғақ, қарқын, тембр, динамика, регистр)

Балалар музыканы қабылдай отырып, ең алдымен, оның жалпы сипатын сезінеді, оның көңіл-күйін аңғарады. Музыкалық шығарманың бейнелік мазмұнын, негізгі ойды білдіру музыкалық мәнерлілік құралы көмегімен беріледі.

6-7 жастағы балалар үнемі жаттығу барысында пайда болатын, әуендік естуін дамытатын, қозғалысты, жоғары-төмен әуенді анықтайтын, түрлі жоғарылықта дыбысты, ұзақтылықты салыстыратын, ән салатын, аралық, ыңылдап ән айтатын, бастапқы кейбір дыбысы жоғары және ырғақты түсініктермен танысады. Барлық уақытта балалардың естуі дыбысталудың дұрыстығын бақылайды.

Педагог баланың рухани әлемін жалпылайтын, мейірімділік сезімге, эстетикалық жанашырлыққа итермелейтін, қызығушылық танытатын және алғашқы музыкалық талғам пайда болатын алуан түрлі әндермен таныстыру міндеттерін іске асырады.

Белсенді сипатты тануға үйрету; балаларды музыкалық сауаттылық элементтерімен таныстырады, музыкалық терминдер, орындау сипаты (әуенділік, қимылды, үздік-создық, асықпай, жылдам), шығарманың түрі (әннің бастамасы, қайырма, кіріспе, фраза) туралы кейбір мәліметтерді хабарлайды.

1.2. Музыка жанрлары

6-7 жастағы балалар адамға музыка керек екендігін біледі: музыкамен ән айтып, би билеуге, мұңаюға, көңіл көтеруге, демалуға, мерекелерді атап өтуге болатынын біледі, олар осылай өзінің музыкаға деген қатынасын білдіреді.

Балалалар, көбінесе, көңілді, қимылды музыкаға көңіл бөледі. Музыканы композиторлар жазатынын, кейбір музыкалық аспаптарды, негізінен, пианино,

домбыра, қобыз, барабан және т.б. таниды. Бұл жаста олар музыканы бір мезгілде бірнеше аспаппен орындауға болатынын түсінеді. Музыкалық жанрларды ажырата алады: күй, ән, би, марштарды ажырата алады. Балеттің не екенін түсінеді, алайда оларға опера мен хор музыкасын қабылдау қиынға соғады.

Балалардың сүйікті музыкалық жанры ән болып табылады. Балалар ойнағанда, шомылғанда, киінгенде, өзінің эмоциялық қажеттілік туындағанда, ұжымда өзінің ісін дәлелдегісі келгенде, қоршаған ортаны өзіне аударғысы келгенде, ән салады. Балалар музыкалық шығарманың сипатын ажыратуға қабілетті. Қонақтар келген кезде, олар көңілді музыка, балаларға арналған ән немесе заманауи музыка қояды.

1.3. Музыка формасы

Музыканы белсенді қабылдау мен оның әртүрлі ерекшеліктерін мұқият тыңдауды дамытуға арналған жұмыстың бірі – бұл балалардың өздері орындайтын әндерімен салыстырғанда, күрделі музыкамен таныстыруға мүмкіндік беретін музыка тыңдау. Музыканы жақсы көру үшін, балаларда түрлі дәуірдегі және стилдегі музыкалық шығарманы қабылдау тәжірибесі болуы керек, оның дауыс ырғағына әдеттеніп, музыкалық шығарманың көңіл-күйін сезінуі керек. Біздің уақытта музыкалық ақпарат ағыны шексіз. Қалыптасқан көркем талғам деңгейіне сәйкес, музыкалық әсерлерді қабылдауына көмек беретін мақсатты музыканы тыңдау ұйымда маңызды мәселе болып табылады.

Балаларды музыканы белсенді тыңдату – күрделі іс. Оның міндеті - қабылдау үдерісінің белсенді және шығармашыл болуын талап ету. Бұған балалардың тыңдар алдында және шығарманы талдау барысында алатын сұрақтары мен тапсырмалары ықпал етеді.

Шығарманың қарапайым түрін (әннің бастамасы және қайырмасы) мен аспаптардың дыбысталуын ажырату, ырғақтық сипаттың, әуендік айналымның пайда болу дағдысын қалыптастыру.

2-бөлім. Балаларға арналған музыка аспаптарында ән салу және ойнау

2.1. Ән салу

Музыкалық іс-әрекеттің басты түрі ән салу болып саналады, сондықтан музыка сабағында педагог балалардың ән салуға деген қызығушылығын, ән айту, әсіресе, мазмұнды ән айту ниетіне талпындырады. Ән айтуға үйрету барысында әрбір сабақта жаңа, қосымша тапсырмалар беріледі. Күрделі әуенді ән айту, жеке фразаларды орындау; ырғақты сақтай отырып мәтінді сыбырмен анық айту; сүйемелдеусіз ән айту. Сонымен қатар ән айту дағдысы мен ән айту мақсатына көңіл бөлу керек: дене тұрқын, басын, иығын, қолын және аяғын дұрыс қою. Балалар орындыққа тізелері бүгілген, түзу орналасқан, табандары еденге толық тиіп тұрған күйінде жайғасуы тиіс. Олар орындықтың жартысында отырады, арқасын тік ұстайды, ал қолдары тізеде болады. Басын не жоғары көтермей, не төмен түсірмей, түзу ұстайды. тік тұрып ән айтқан кезде, дене тұрқы мен мойны түзу, аяғының арасы шамалы алшақ, қолдары дене

бойымен тұрады. Иекті қоюға ерекше назар аудару керек: ол не көтеріңкі, не төмен болмау керек.

Педагог ән салған кезде тыныс алуын қалыптастыруды жалғастырады: музыкалық фразаның барлық ұзақтығына тыныс алуды біртіндінтеп шығару есебінен, дем шығаруға үйретеді; міндетті түрде қысқа, энергиялы шамалы демді ішке тартуға үйретеді, бұл кезде иықты көтермеуді қадағалау. Мұндай кезде ойынды қолдануға болады. Бала оң қолымен ішін басып ұстайды. Педагогтың «Демді ішке тарт» командасы бойынша және бір мезгілде қолды жоғары көтеріп ол демді ішке тартады және тыныс алдуы ұстап қалады. Бұл кезде мұрынмен тыныс алу керек. Ұсынылған көркем вокалдық орындауға қойылатын негізгі талап әдемі дұрыс ән айту дыбыс болып табылатынын ескерген жөн. Вокалдық жұмыстың басты тәсілі вокалдық көрсетілім, ауызша түсіндіру және ән айту жаттығуы болып табылады. Балаларға нашар жатталған материалды және әнді сүйемелдеусіз ұзақ уақыт айтқызуға болмайды; әрбір сабақта меңгерген материалды бекіту қажет.

2.2. Аспаптарда ойнау

Музыка сабағында балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнауға үйретуді жалғастырады: металлофон, дабыл, сылдырмақ, үшбұрыш, электрондық ұрмалы музыкалық аспаптар, қазақ ұлттық аспаптар: тұяқ, асатаяқ, дмбыра, қобыз, сазсырнай, дауылпаз және т.б. Педагог балаларға арналған музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді орындауға; жалпы динамика мен қарқынды сақтай отырып таныс әндерді жеке және шағын топпен орындауға үйретеді.

Ересектердің орындауында музыкалық көріністі тыңдау, аспаптардың жоғары тіркелімді, дыбысталу қарқынын ажырату білігін жетілдіру. Ұрмалы аспаптарда жеке және топпен әннің бастама ырғағын орындауға үйрету. Қазақ ұрмалы аспаптарда анық және жөнге салып ойнауға: асатаяқ, тоқылдақ, қоңырау бар жыланбас, фортепианоның сүйемелдеуімен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ансамбльде ойнау, ырғақ суретін бере отырып анық, жақсы ойнау, әннің бастамасын ойынмен сүйемелдеп ән айту білігіне үйрету.

Халық және классикалық музыканың ең үздік бейнесі ретінде эмоцияны дамыту, талғамын, қызығушылығын, қиялын қалыптастыру. Эстетикалық эмоция сөздігіне ерекше көңіл бөлінеді – бала музыка шығармасының сипаттамасына нақты сөз таңдауға үйренеді.

Естуді қабылдауды белсендіру мақсатында, фортепианомен, оркестрмен, камералы оркестрмен әртүрлі орындау арқылы музыкалық шығарманы орындау керек.

3-бөлім. Музыкалық шығармашылық

3.1. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар

Музыкалық-ырғақты қозғалыстар өзінің кең мағынасында түсіндіріледі. Оған музыкалық бейне (негізгі ой, сезім, музыкалық безендірілген шағын құрылым), шығарманың құрылымы, қарқын, динамикалық, регистрлік, метроырғақтық қатынасты ауыстыру мен дамыту жатады. Сондықтан ырғақ

сабақ үдерісінде, әсіресе, музыкаға эмоционалды ықыласы жақсы дамиды, қабылдау дағдысы пайда болады, музыкалық-ырғақтық шығарма негізін жаңғырту.Ырғақты жүріспен, қимыл сипатындағы музыкаға жеңіл, ырғақты жүгіріспен марштың сипатын беру; музыкаға сәйкестендіріп жартылай отыруды (серіппе) ырғақпен анық орындау; би қимылын меңгеру – жыбырлаған қадам; қазақ би қимылдарының элементтерін орындау білігіне үйрету.

Жеңіл және ырғақты жүгіру, музыка сипатына қимыл беру, тізені жоғары көтеріп жүгіруді орындау, қазақ және орыс халықтарының би элементтерін орындау, музыка сипатына қимылды беру білігіне үйрету. Би-ойын шығармасын дамыту; ән, театр қойылымын сахналау барысында әртүрлі бейнелерді көркем орындау дағдыларын қалыптастыру.Музыкалық-ырғақтық қимылдар мектепалды жастағы балалармен жұмыс істеуде ерекше маңызға ие. Педагог балаларға көркем бейнені, қимыл арқылы өзінің эмоционалды сезімін беруге үйретеді. Билеу білігін, икемділігі мен дағдысын дамытатын біріккен жаттығулар болады.Қимыл биге ерекше мәнерлілік беретін музыкалық шығарманы толық қабылдауға көмектеседі. Осы бір өзара әрекеттестікте музыка басты орын алады, қимыл көркем бейнелерді білдіретін ерекше құралы болады.

*3.2. Музыкалық суырып салу*Балаларды ырғаққа сай мәнерлі қимылдауға, музыкалық ойында ойнау, қол ұстаса әндетіп ойын ойнауға, сабақта билеуге, музыкалық бейнені қабылдау және дамыту білігіне үйрету. Педагог ырғақ сезімін дамытуы қажет: балаларды музыкада қимылды бере отырып ырғақ мәнерін сезінуге үйрету; ересек жастағы балалардың бойында ойын арқылы жеке би қимылдарын ойлап табатын көркем-шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиыстыру, қол ұстасып әндетіп ойын ойнауды құру, өздігінен іс-әрекеттерде бұл сабақтарда қолдануОйындар және қол ұстаса әндетіп ойын ойнау: музыка сипатына сәйкес ойын қимылдарын орындау; шеңбер бойымен қол ұстасып әндетіп ойын ойнау; музыка фразасына сәйкес қимылдарды өзгерту; жылдамдық пен ептілік көрсету, көріністің соңын белгілеу; халық ойының көңілді сипатын беру; дыбыстардың жоғарылығын ажырату, үлкен және кіші шеңберлерге ауысу. Музыкалық-ойын бейнелерін мәнерлеп жеткізу, қимылдағы динамиканы белгілеу, қимылдағы музыканың түрлі сипаты: байсалды, салмақты көңілді, жанданған, би сазын беру. Музыкаға сәйкес жалаулармен және ленталармен қимыл жасау, құрылымды өзгерте отырып, кеңістікті еркін бағдарлау. Мазмұнды ойындарды сахналау.

Билер: музыканың би сипатын сезіну, би қимылдарының элменттерін орындау; халық билерін үйрену арқылы кейбір көркем мұралармен таныстыру. Билерді музыкаға сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы емін-еркін, жеңіл орындау, би бейнелерін беру, бейнелі би қимылдарын қолдану арқылы әнді сахналау.

Би шығармашылығы: таныс би қимылдарын қолдана отырып, импровизациялау білігін мадақтау, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға түрткі болу. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолдана отырып, би ойлап табу.

«ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

«Қоршаған ортамен таныстыру» сабағының мазмұны

Мектепалды даярлық балалары адамның өмір сүру салтына, адамдар мен жануарлардың жердегі, судағы, ауадағы, қимыл-қозғалыс тәсілдеріне қызығушылық таныта бастайды. Нақты жағдайларда кейбір мінез-құлық ережелерін есте сақтаулары мүмкін. Тарих, мәдениет бойынша қарапайым мағлұматтарды игеруге қабілетті. Балалар карталар мен атластардың құрылымымен танысуға дайын: оларды қарап, үлкендерге сұрақтар қояды. Оларды маркалар, белгішелер, тиындар, өз елі мен басқа елдердің тулары мен елтаңбалары қызықтыра бастайды.

Бөлім 1. Мен және қоғам.

1.1. *Мен және менің отбасым.* Туыстық байланыс туралы, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін кеңейту.

Балаларды өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіруге, үй тапсырмаларын орындауға, өзінің адал тілектерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуге тәрбиелеу.

Балалардың өз ата-тегін (жеті атасын) білуге деген қызығушылықтарын дамыту. Баланың өзінің әке-шешесіне, туысқандарына сыртқы ұқсастықтарын (көзі, мұрны, шашының түсі, т.б.) анықтау дағдыларын жетілдіру.

Жақын туыстарына құрметпен және қамқорлықпен қарауға, өзін-өзі дұрыс бағалауға тәрбиелеу, өзіне, өз күшіне деген сенімділікті нығайтуға, дербестік пен өзіне деген құрметке үйреті, өзінің әлеуметтік маңыздылығын сезінуге, өзін-өзі танытуды дамытуға, құрдастарының алдында өз дербестігін, қайталанбас өзгешелігін сезінуге көмектесу.

Айналасындағы үлкендер мен балаларға деген қызығушылғы мен зейінін дамыту. Басқа адамға деген мейірімді, қамқорлықты білдіруге, әртүрлі іс-әрекеттерге қатысуға түрткі болу.

Өзінің және басқалардың әрекеттерін бақылау, салыстыру, бағалау, өзін-өзі және басқа адамдардың ерекшеліктерін айқындау, балаларды өз әрекеттерінің салдарын және олардың басқа адамдардың эмоциялық жағдайына әсер етуін түсіну іскерлігін тәрбиелеу.

1.2. Менің мектебім. Мектеп қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту (директор, оқу бөлімінің меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі, кітапханашы, еден жуушы, аспаз, аула сыпырушы, медбике, көлік жүргізушісі). Мектеп қызметкерлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

1.3. Мамандықтар. Әр түрлі мамандық иелері мен олардың еңбегінің ерекшеліктері, маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Өз ата-анасының және туыстарының еңбегі туралы білуге үйрету. Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауды жетілдіру. Ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты және оның нәтижесіне деген құндылық қатынасын

қалыптастыру, балаларды ересектермен бірлескен еңбек әрекетіне қосу, әртүрлі мамандықтарға деген қызығушылығын дамыту. Сипаты бойынша ұқсас еңбек үдерісін және еңбек нәтижесін жалпылау негізінде мамандықтардың алуан түрлілігі туралы түсініктерін қалыптастыру (мұғалім, ұшқыш, жаттықтырушы, дирижер, эстрада әртісі, құтқарушы, сынықшы дәрігер, банк қызметкері, кинолог, сәнгер және басқалары).

Ауыл шаруашылық саласы мамандары (ферма иесі, тракторшы, комбайншы, бақташы, қойшы, мал өсіруші, сауыншы және т.б.) туралы және олардың еңбек әрекеттері туралы білімдерін кеңейту. Ауыл шаруашылығына арналған көліктердің маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру. Нан пісіру кезеңдері туралы білімін кеңейту. Азық-түлік тағамдарын, нанды қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу, қала тұрғындары үшін ауыл шаруашылық мамандары еңбегінің маңыздылығын түсіндіру.

Қоғамдық пайда ұғымымен таныстыру. Қоғамдық пайданы сақтау мен ұлғайтуға ұмытылысын және қажеттілігін қалыптастыру.

1.4. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының көп түрлілігі, олардың белгіленген жұмыс түрлерін орындау үшін жабдықталғаны туралы (суару көлігі, жедел жәрдем, өрт сөндіретін көлік, қар тазалайтын көлік) түсініктерін кеңейту. Көлік құралдары, олардың атқаратын қызметінің маңыздылығы, негізгі бөлшектерінің (шанақ, қозғалтқыш, дөңгелек, рөл) атқаратын қызметі туралы ұғымдарын байыту және тереңдету.

Көлікпен жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Көлік түрлері (жердегі, ауадағы, судағы, су астындағы), байланыс құралдары, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту.

Телефонның, компьютердің, теледидардың, радионың атқаратын қызметтері және оларды қолданудың кейбір қарапайым ережелері туралы білімдерін бекіту.

Бөлім 2. Менің туған елім

2.1. Туған елім. Туған ел туралы, мемлекеттік және жалпыхалықтық мерекелері, Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекеттік рәміздер (Елтаңба, Ту, Әнұран), олардың маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. Балалар Қазақстан Республикасы рәміздерін, Әнұранды орындау барысында орындарынан тұрып, сол қолды жүректің тұсына қою керектігін білу қажет. Республиканың және аймақтардың өзгешеліктерін ескере отырып өнеркәсіптегі еңбек туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Бөлім 3. Тарих беттерінен

3.1. Қазақстанның тарихи тамырлары. Қазақстан Республикасы – үлкен көпұлтты мемлекет, байырғы тұрғындардың және басқа ұлттардың өз мәдениеті (тұрмыстық заттар, киімдер, ерекше ұлттық өзгерістер), салт-дәстүрі, табиғи байлықтары, біздің республикамыздың жетістіктері туралы ұғымдарын бекіту. Өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің атауымен, онда өмір сүретін халықтың тұрмыстық ерекшеліктерімен және мәдениетімен таныстыру.

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын басқа ұлт өкілдеріне құрметпен және ізгі ниетпен қарау.

Жалпыадамзаттық құндылық ретінде патриоттық сезімдерді – өз отбасына, туған жеріне, еліне, Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдеріне деген махаббатты қалыптастыру.

3.2. Өнер және мәдениет. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Қазақстандағы халықтардың тұрмысы (татарлар, орыстар және басқалары). Туған жердің тарихы, мәдениеті туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.

Біздің еліміздің бас қаласы - Астана және оның көрікті жерлері (Бәйтерек, Ақорда, Бейбітшілік және келісім сарайы, Океанариум және т.б.) туралы, Қазақстанның ірі қаласы – Алматымен таныстыру.

Халықтық дәстүрелерге негізделген үлкендерге және өзінен кішкентайларға құрметпен қараудың адамгершілік мінез-құлық ережесін сақтауды, ересектермен немесе құрдастарымен жанжалдасу кезінде уәделесе білуге, басқаларды тыңдап, олардың тілегін, қиындықтарын, немесе қажеттіліктерін түсінуге үйрету, өзінің тілегі немесе проблемалары туралы айтуға мүмкіндік беру, жанжалды шешу тәсілін бірге табу, балаларды «татуласуға» үйрету.

Қоршаған ортамен танысу үдерісінде әдептіліктің қарапайым дағдыларын бекіту.

Әлемдік және этникалық мәдениетке ұқыпты қарау, адамдардың кәсіби іс-әрекеті мен мінез-құлығын түсіндіруге гендерлік тәсіл негізінде әлеуметтік мәдениет дағдыларын қалыптастыру.

Өзара қатынастың құнды этикалық үлгілерін сақтай білу, балалардың тәртібіндегі қарапайым этикалық ережелерді бекіту: үлкендердің сөзін бөлмеу, орын беру, ойыншықтарымен бөлісу, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау.

3.3 Тәуелсіз Қазақстан. Табиғи байлықтар, республикамыздың жетістіктері, өз елі үшін мақтаныш сезімі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Қазақстан Әскерінің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтары, олардың өз Отанын абыроймен қорғайтыны туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлы Отан соғыс жылдарында Отанын қорғаған қазақстан жауынгерлерімен таныстыру.

Кейбір әскери қызмет сарбаздарының киім үлгісі, әскери техникасы туралы түсініктерін кеңейту.

«Драма» сабағының мазмұны

Кейіпкер айтатын ойдың мәнерлілігін қалыптастыратын жұмыс барысында баланың сөздік қоры жанданады, сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениеті жетіле түседі. Бұл баланың белсенді ойлауы, зейіні және елестету арқылы қабылдауы жаттығады, қиялы дамиды, тілі жетіледі.

Ойнайтын рөл, әсіресе, басқа кейіпкерлермен диалог жүргізу кішкентай актерді өз ойын анық, нақты, түсінікті жеткізуге үйретеді.

Балалар бір-бірімен ғана емес, үлкендермен де көп қарым-қатынаста болуы үшін, ата-аналарды қоршаған ортаны саналы қабылдауға көмектесетін және балалар мен үлкендер арасындағы қатынас құралы болып табылатын театрландырылған ойын іс-әрекетіне қатыстыру қажет.

Театрландырылған іс-әрекет – баланың шығармашылық әлеуетін ашу, тұлғаның шығармашылық бағыттылығын тәрбиелеу мүмкіндіктері.

Балалар драмамен айналысу барысында музыка, дыбыстар, түстер, бейнелер арқылы қоршаған ортаның алуан түрлілігімен танысады. Ал педагогтың қойылған сұрақтары дұрыс болса баланы ойлауға, талдау жасауға, қорытынды жасауға, жалпылауға түрткі болады.

Бөлім 1. Артикуляциялық дағдылар

1.1. Тыныс алу және артикуляция. Әртүрлі мәтіндерді қайталау кезінде, дұрыс тыныс алуды дамыту. Тынысын басқара білуге, әр түрлі жылдамдықта нақты және дұрыс айтуға: қатты, ақырын, сыбырлап; интонацияны қайталауға, әртүрлі эмоцияларды білдіру үшін, түрлі дауыс күшін қолдануға үйрету.

Сөздің дыбысталу негізі сөйлегенде дұрыс тыныс алу болып табылады. Көбінесе, біздер балалардың сөздегі жалғауды, сөз тізбегінің аяғын «жұтып қоятындығын», толығымен айтпайтындығын байқаймыз. Мұның өзі сөйлегенде тыныс алудың жетілмеуімен, дем шығару кезінде, сөз бен сөз тіркесін дыбыстай алмауымен байланысты. Олардың сөйлеуі демді ішке тарту кезінде болады. Сондықтан бірінші кезеңнің негізгі міндеті еркін, бірқалыпты, созылыңқы дем шығаруды жетілдіру. Ол үшін әртүрлі ойындарды қолданамыз - үрлеуге арналған ойындар (шарлар, сабынды көпіршіктер, «жел диірмені», «жапырақты, мамықты, қағаздан жасалған шарды кім алысырақ үрлеп ұшырады», «кімнің қайығы алысқа жүзеді» және т.б.); жануарлардың, құстардың дыбыстарын ұқсастыру (мысалы, бір деммен 2-3, 4-5-8 ф-ф-ф дыбысын кірпі сияқты айту); дем шығару кезінде дауысты А-У-О-И дыбыстарын әндету; бір деммен жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді айтқызу. Ойындар мен ойын жаттығуларында ақырын, бірқалыпты, қатты дауыстап сөйлей білуді дамыту, яғни дауыстың негізгі қасиетін – қуатын және жоғарылығын дамыту.

1.2. Мақам және интонация. Әртүрлі қуыршақтарды қолдана отырып, олармен ойнау тәсілдерін игере білуді дамыту. Өз әрекетін серіктесінің әрекетімен үйлестіре отырып, қимыл-қозғалысты ырғаққа сәйкес байланыстыра білуді, дененің иілгіштігі, ымдау арқылы тірі тіршілік иелері мен заттардың бейнесін жасай білуді, импровизацияланған сахналық алаңға, сахнаға үйренуді, әртүрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру.

Интонациялық мәнерлеп оқу жұмыстары кезінде берілген эмоциялық жағдайды анықтауға, содан соң жеткізе білуді қалыптастыруға көңіл аудару қажет. Ол үшін алғашқы кезеңде әртүрлі эмоциялық күйді бейнеленген

пиктограммаларды, эмоцияларды әртүрлі түстермен сипаттайтын карточкаларды қолдануға болады (қызыл түс – ашу, көк түс – қуаныш және т.б.).

Бөлім 2. Қимыл-қозғалысты үйлестіру дағдысы

2.1. Ырғақты сезіну және қозғалысты үйлестіру. 6-7 жасар балалар өз қимылдарын жақсы басқарады, олардың әуенмен бірлескен әрекеттері еркін, жеңіл әрі нақты болып келеді. Олар мәнерлі және ырғақты қимыл-қозғалыстарды еркін игерген. Балалардың шығармашылық белсенділігі біртіндеп мақсатты үйрету тәсілдері, музыкалық тәжірибені кеңейту, сезімді, қиялды және ойлауды белсендендіру арқылы дамытады. Баланың әрекеті тыңдалған шығармаға орай музыкада шығармашылық әрекеттің бейнеленуін көрсетеді. Бұл жаста музыкадан туындаған эмоциялар нақты қимыл-қозғалыс белсенділігін тудырады, педагогтың міндеті қызықты және әртүрлі билейтін-музыкалық материалдарды жинап алып оны қажетті бағытына бағыттау болып табылады.

Қимыл-қозғалыс музыкадан туындап, онымен үйлесуі керек, тек қана жалпы сипатта болмай, нақты мәнерлі сипатта болуы тиіс.

Сахнадағы қимыл-қозғалысты келесілер мәнерлі етеді:

- қимыл-қозғалысты бірыңғай үдеріс ретінде дамыту;
- дене қимылдары арқылы өзінің эмоциялық күйін түсіну және жеткізе білу;
- серіктестерімен икемді диалог жүргізу.

Музыкалық қозғалыста естілетін дыбыстар мен көретін қимылдарды қиялымызда біріктіруге болады: бала кез келген нақты бейнені музыка арқылы елестетеді, музыкаға беріліп оны қимыл арқылы өзінен өткізеді. Ойынға ата-аналар да қатысады: осыған орай көрермендер мен қатысушылардың арасындағы шектеу, сыртынан баға беру әрекеті жойылады. Нәтижесінде балаға қуаныш сыйлайтын және өзіне деген беріктік сезімін орнықтыратын драма күшіне енуге жағдай туындайды.

Көркем әдеби шығармалар бойынша драмалау, әдеби кейіпкерлердің әрекетін, олардың мінез-құлық әрекеттерінің дұрыстығын, олардың адамгершілік ережелеріне сәйкестігін талдау дағдыларын дамыту.

Таныс сюжет бойынша сахналық қойылым қоя білуге, таныс әрекеттерді заттармен/ойыншықтармен жаңа ойын әрекеттеріне алмастыра білуге үйрету. Режиссер-педагогқа бағына білуге, сонымен қатар өзара сыйластыққа, достық қарым-қатынас пен өзара жәрдемді білдіре отырып, сахналау мен драматизациялаудағы өз рөлін мәнерлі және өздігінен ойнауға тәрбиелеу.

Бөлім 3. Тілдік-қатысымдық, ойындық және артикуляциялық дағдылар

3.1. Өзара әрекеттесу тәсілдері. 6-7 жасар балаларда ойын-драматизация, көбінесе, қалыпты ойындардағы сияқты олар өздері үшін емес, көрермендер үшін ойнайтын спектакль болып кетеді. Осы жаста қуыршақтар

мен басқа ойыншықтар – кейіпкерлер болатын режиссерлік ойындар қолжетімді болып табылады, ал бала оларды қимылдатуға және сөйлетуге міндеттейді. Бұл баладан өз мінез-құлығын реттестіруді, өз сөзін ойланып айтуды, өз қимылын тоқтатуды талап етеді.

Көптеген ойындар баланың қуанышты жағдайды күту сезімін, келесі әрекеттерге деген қызығушылығын тудыратын жұмбақтан, тосын сыйдан басталады.

Егер олардың саханаға шығуға ынталары болмаса, ешқашан мәжбүрлеуге болмайды.

Осы жаста жаңа жылдық ертеңгіліктер театрландырылған көрініс түрінде өткізіледі: «Жаңа жылдық оқиғалар», «Жануарлардың дау-дамайы» (қазақтың ұлттық ертегілер желісі бойынша), «Қар патшайымы».

Сахнада орындалатын музыкалық көрініс 1,5 минуттан аспауы керек, кері жағдайда спектакльдің драматургиясы мен балалардың зейіні жоғалады. Музыканы тыңдау кезінде балалар берілген бейнеге байланысты қозғалады. Бейнелер алуан түрлі болуы мүмкін, бірақ әрқашанда қарапайым және көрнекті болады.

Адамның эмоциялық күйі мен жағдайы арасындағы байланысты анықтай білуді жетілдіру, мәнерлі әдебиет құралдарын, ертегілер желісі бойынша ойындарды, ән айтуды, сурет салуды пайдалану, адамдардың қарым-қатынасы мен сезімдерін білдіретін балалар мен үлкендердің қатысуымен әртүрлі театр түрлері. Құрдастарының ортасында өз ойын білдіруді, басқалардың ойын тыңдау білуді дамыту.

Ұлдар (мықты, батыл, еңбекқор, қамқоршыл т.б.с.с.) мен қыздарға (биязы, әдемі, ибалы, сезімтал т.б.с.с.) тән мінез-құлық ерекшеліктерін балалармен бірге талқылау.

Әдеби кейіпкерлердің нақты әрекеттеріне деген өз көзқарастарын жеткізе білуге, адамгершілік ережелер мен түсініктер бойынша бағалауға, шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлығының жасырын себебін түсіне білуге үйрету.

Кітаптағы кейіпкерлерге деген аяушылық, жанашырлық сезімдерін тәрбиелеу. Жағымсыз адами қасиеттерге ықпал етуге деген қажеттілік пен ұмтылысты дағдыландыру.

Баланың адам туралы түсініктерін, олардың эмоционалдық күйін, іскерлік және тұлғалық қасиеттерін, мүмкіндіктерін, өзара қарым-қатынас сипатын кеңейту.

Өзін-өзі тану

«Өзін-өзі тану» сабағы - бұл баланың кішкентай жасынан бастап өмірдегі ең басты құндылық – адам екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану сабағы баланы ойлауға, талдауға, өз ойын, идеяларын еркін және ашық жеткізуге үйретеді, осыған орай балалар өз таланттары мен мүмкіндіктерін ашады.

Педагог сабақта тілектестік, жылулық, позитивтілік, күні бойы сенімді көңіл-күйде болу атмосферасын жасайды. Өзін-өзі тану бағдарламасының мазмұны тұлғалық-бағыттылық оқыту ұстанымына негізделіп құрылады:

- дербестілік ұстанымына (әр балаға жеке-тұлғалық көзқарас, оған құрметпен және түсіністікпен қарау);
- ізгілендіру ұстанымына (баланың қажеттілігін, қызығушылығын және мүмкіндіктерін барынша ескере отырып, құндылықты қарым-қатынас);
- серіктестік ұстанымына (мектептің, отбасының, қоғамның тығыз өзара байланысы және серіктестігі).

Өзін, өз жақындарын, құрдастарын, айналасындағы адамдарды тани білуге үйрету. Атан-аналарға, педагогтарға, жолдастарына құрметпен қарауды тәрбиелеу.

6-7 жасар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Мен - Адам», «Қарым-қатынас қуанышы», «Адамгершілік әліппесі», «Мен және менің әлемім» атты негізгі бөлімдерінің мазмұны біріктіру қағидасы негізінде барлық білім беру саласы арқылы жүзеге асырылады.

Өзі және өз айналасы туралы білімдерін қалыптастыру. Туысқандары мен жақындарына, айналасындағы адамдарға деген махаббат, аяушылық, ізгі-ниетшілік сезімдерінің, жәрдемдесу ынтасының этикалық ережелері мен мінез-құлығын тәрбиелеу. Өзін табиғаттың бір бөлігі - Адам ретінде сезінуін қалыптастыру.

Балаларда патриоттық, төзімділік сезімдерін, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Бұл тақырыптардың идеясы толассыз кіріктіру қағидаттары негізінде білім беру саласы арқылы іске асады.

АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС

Мақсаты: мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттерін жетілдіру және ата-аналарды білім беру үдерісіне баулу.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын толық дамытуды қамтамасыз етуде, мектеп пен отбасының жауапкершілік және өзара тәуелділік қатынасын дамыту үшін қолайлы жағдай құру;
- өз баласын тәрбиелеу, білім беру және дамыту салаларында ата-аналар қажеттілігін анықтау;
- түрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға көмек көрсету;
- педагогтер мен ата-аналар арасында тиімді серіктестікті құру, мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатыстыру;
- отбасылық тәрбиенің үздік тәжірибелерін зерттеу, жалпылау және тарату.

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін іске асыруда өзара қарым-қатынастың ұжымдық және жеке түрлерін (дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, ата-аналардың конференциялары, кеңестер, педагогикалық кеңестер, ата-аналар жиналысы (жалпы және топтық) ауызша журналдар, ата-аналар клубтары және т.б.) қолдану. Педагогтардың басты мақсаты – балаларды тәрбиелеу барысында, оның тәрбиелік міндеттерін толығымен іске асыруды қамтамасыз ете отырып, отбасыға кәсіби көмек көрсету. Ата-аналармен жұмыста келесі кезеңдерді сақтай отырып құрған дұрыс:

- ата-аналармен жұмыс істеудің мазмұны мен түрін ойластыру. Олардың қажеттіліктерін зерттеу мақсатында, жедел сауалнама жүргізу. Алынған мәліметтерді алдағы жұмыстарда қолдану;
- педагогтар мен ата-аналардың арасында тілектестік қарым-қатынас орнату. Баланың жағымды бейнесін қалыптастыруда ата-аналарды бірлескен жұмыстарға тарту қажет;
- отбасында берілмейтін педагогикалық білімдерді, ақпараттарды мәлімдеу кезінде, ата-аналарда өз баласының бейнесін қалыптастыру. Мысалы, жас ерекшеліктері, құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, оның еңбекке қарым-қатынасы және т.б. туралы мәліметтер;
- педагогтың баланы тәрбиелеу кезінде отбасындағы проблемалармен танысуы. Бұл кезеңде педагогтар баланың отбасына бару кезінде мониторинг нәтижесі туралы, баланың мінез-құлқындағы жетістіктері, қиындықтары мен қорқынышы жөнінде айтады;
- үлкендермен бірге баланың жеке тұлғасын қалыптастыру және зерттеу. Осы кезеңде нақты жұмыс мазмұны жоспарланады және серіктестік түрлері таңдалады.

Шағын топпен және жеке балалар мен олардың ата-аналарының эмоционалдық амандығын, олардың қиналмай бейімделуін қамтамасыз ету

үшін жаңа оқу орнының жағдайымен (топ, құралдармен, аймақ, бұрыш және т.б.) алдын ала таныстырған абзал.

Әңгімелесу балаларды қабылдау және үйге қайту кезінде жүргізілетін отбасымен жеке жұмыстар ретінде кең таралған түрі. Ол педагогтар мен ата-аналардың жақын танысуына, бала өмірі жайлы хабардар болуға, оның зияткерлік және дене дамуын қадағалап, байқауға мүмкіндік береді.

Ата-аналар бұрышы мен көрмелер отбасымен жұмыс істеудің көрнекілік әдісі болып табылады, сондықтан олардың бейнелі безендірілуіне ерекше көңіл бөлінеді. Ата-аналарға арналған көрме материалдары алдын-ала таңдалады, онда мектептің дамуы туралы мәліметтер, балалармен бірлескен жұмыстар, балалардың жұмысы көрсетілген фотосуреттер болады.

Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, педагогикалық жұмысты жоспарлау (ол үшін жыл бойы сауалнама жүргізіп отыру қажет) керек. Жиналыс алдында кейбір отбасыларды аралап, қарастырылатын сұрақтарды талқылау үшін белсенді қатысуға ата-аналарды дайындау, оларға мысал келтіруге көмектесу, өз тәжірибесін талдау қажет.

Отбасыларды зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс жүргізу. Отбасы ішілік қарым-қатынастарды отбасы мен педагогтердің арасында тұрақтандыру бойынша ата-аналар мектепалды даярлық сыныптарына ерекше ынтамен қатысады.

«Ана/Әке мектебі», «Ата-аналарға арналған мектеп» (дәріс, семинарлар, семинарлар-практикумдар) сияқты ата-аналардың педагогикалық білім беру іс-шаралары арқылы ұйымдастыру, шеберлік сыныптары, тренингтер өткізу, кітапхана (медиатека) құру. Педагогтер ата-аналарға баяндамаларда, әңгімелесуде және кеңестерде берілген жалпы теориялық және әдістемелік ережелерді отбасында қалай қолдану керектігін түсінуге көмектеседі. Мәселелері ортақ ата-аналар (отбасында бір баланың болуы) тобымен әңгімелесу өте тиімді, педагогтердің әкелермен, апалармен, аталармен кездесулері;өз балаларын жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарды жеке жинайды.

Бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруға ықпал жасау: ата-аналарды музыка және поэзия кештерін, акцияларды, отбасылық жексенбілік концерттерді, демалыс күнгі бағдарды (театрға, музейге, кітапханаға және басқа), отбасылық бірлестіктерді (клуб, студия, секция), отбасылық мерекелерді, серуендерді, экскурсияларды, отбасылық театрларды, балалардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттеріне қатысуын, мерекелік ертеңгіліктерді, дене шынықтыруға арналған мерекелер мен бос уақыттарды ұйымдастыруға баулу.

Мамандардан (психологпен, логопедпен, қосымша білім беретін педагогтермен және басқалар) жеке кеңес алу үшін жағдай жасау. Педагог кеңес беруге алдын-ала дайындалады: қажетті әдебиеттер мен көрнекі құралдарды таңдайды, кеңес болатын уақыт пен оның күні туралы хабарландыру іледі, ол туралы ата-аналарға ескертеді. Кеңес беру мезгіл сайын немесе тұрақты болуы мүмкін. Топтық кеңес беру ата-аналарға тек қана нақты мәліметтер беріп қоймай, сонымен қатар отбасылық тәрбие бойынша тәжірибе алмасуды да қарастырады. Педагогтың сұрауы бойынша кеңес беруде психолог, дәрігер,

меңгеруші және басқа да қызметкерлер қатысады. Кеңестер педагогтың жұмысын, балалар шығармашылығын, тәжірибелік әдістерді (ойыншықты қалай жасауға болады, баланың тамағын әзірлеу) көрнекіліктер арқылы көрсетумен сүйемелденді.

Кеңеске қатысу ата-аналарға мамандардың жұмыстарымен танысуына, балаларының проблемалары мен олардың дамуына қажетті жағдайлар туралы ақпарат алуларына мүмкіндік береді. Педагог отбасыға мақсатты бағытталған түрде ықпал ету үшін, балалардың және олардың мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау туралы тақырыптарға сәйкес жүйелі әңгімелесу жоспарын белгілей алады. Мұндай әңгімелесулер достық қарым-қатынаста сұрақ-жауап, ескертулер мен өз ойларын білдіру түрінде жүргізіледі. Нәтижеде баланы отбасында тәрбиелеуді жақсартудың ұсыныстары мен талаптары қалыптасуы тиіс.

Сонымен, мектеп пен отбасының өзара қатынасы - бұл педагогтер мен ата-аналардан төзімділік пен шығармашылық қатынасты, өзара түсіністік пен қажырлы еңбекті талап ететін өте ұзақ үдеріс. Ата-аналармен өзара әрекеттесудің жаңа түрлерінде серіктестік, диалог ұстанымдары жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (27. 07. 2007ж № 319-III).

2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (23.08.2012 ж. №1080 ҚРҮҚ).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (20. 12. 2012 ж ҚР БҒМ №557 бұйрығы).

4. Типовая программа воспитания и обучения в детском саду. Издательство «Мектеп». – Алма-ата, 1989.

5. Общеобразовательная программа предшкольной подготовки детей пяти (шести) лет в условиях школы под редакцией Татауровой Н.С., Саймасаевой Г.А. – Астана, 1999.

6. Дошкольная образовательная программа (воспитания, обучения и развития детей 5 лет). Попова Т.Н., Еденбаева З.Д. – Алматы, Алматыкитап, 2006

7. От рождения до школы. Основная общеобразовательная программа дошкольного образования / Под ред. Н. Е. Вераксы, Т. С. Комаровой, М. А. Васильевой. - М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2010.

8. Учебная программа дошкольного образования / М-во образования Респ. Беларусь.- 2-ое изд. – Минск :НИО; Аверсэв, 2014.

9. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы, құрастырушы-авторлар: Н.Л. Татаурова, И.А. Тирская, Т.А. Дрыгина, Г.Г. Корчевская, С.И. Шелипова, С.Г. Шақабаева, И.И. Митрофанова. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, 2010ж.

10. «Балбөбек» бағдарламасы Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы, авторлары Б.Б. Баймұратова, М.С. Сәтімбекова және басқалар. Алматы, 2006.

11. Дошкольная образовательная программа воспитания и обучения «Қарлығаш» – Астана: «Арман ПВ» баспасы, 2008 – 176 стр каз/рус.

12. Программа воспитания, образования и развития детей дошкольного возраста в условиях детского сада «Кайнар», Доронова Т.Т., Аймагамбетова К.А. и др. – Алматы, «Просвещение-Казахстан», - 2006.

13. Методические рекомендации к программе воспитания и обучения в детском саду. / Сост. Л.В. Русскова. – М.:Просвещение, 1986.

МАЗМҰНЫ

1.	Түсіндірме жазба	3
2.	Кеңістіктік-заттық дамытушы ортаны құру	5
3.	Балаларды тәрбиелеу және оқыту үдерісін ұйымдастыру жұмыстарының түрлері мен әдістері	7
4.	«Денсаулық» білім беру саласы	4
5.	«Қатынас» білім беру саласы	22
6.	«Таным» білім беру саласы	33
7.	«Шығармашылық» білім беру саласы	43
8.	«Әлеуметтік орта» білім беру саласы	57
9.	Ата-аналармен жұмыс істеу	64
10.	Әдебиет	68